# «САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең
үшін қаржылық есептілік

# «САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

**МАЗМҰНЫ**


| | Бет |
|---|---|
| 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН 12 АЙ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІДЕМЕСІ | |
| ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ | |
| 2022 ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК: | |
| Қаржы жағдайы туралы есеп | 2 |
| Пайдалар мен залалдар және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп | 3 |
| Меншікті капиталдың өзгерістері туралы есеп | 4 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп | 5 |
| Қаржылық есептілікке ескертпелер | 6−43 |

**«САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ**
**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН 12 АЙ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІДЕМЕСІ**

Басшылық «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық жағдайын, сондай-ақ 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 ай ішіндегі оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысы мен меншікті капиталдағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дәйекті көрсететін қаржылық есептілігін дайындауға жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- есепке алу саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз ету;
- осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау ақпаратты пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Қор қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсер ететін әсерді түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Қордың таяу болашақта қызметін жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін жауапты болады.

Қор басшылығы сондай-ақ:

- Қордың ішкі бақылауының тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Қордың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күні Қордың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікте ақпарат беруге және қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ның талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-на сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау;
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауапты болады.

Қордың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 12 айдағы қаржылық есептілігін басшылық 2023 жылғы 31 наурызда бекітті.

**Қор басшылығының атынан:**

| | |
|---|---|
| **Б. Б. Когулов** | **А.С. Асаубаева** |
| **Басқарма Төрағасы** | **Бас бухгалтер** |

"САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ"

2023 жылғы 31 наурыз.
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Russell Bedford
taking you further

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ акционерлеріне

**Пікір**

Біз «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі «Қор») ұйымының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күнге аяқталған 12 ай үшін жиынтық кіріс туралы есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік 2022 жылғы 31 желтоқсандағы Қордың қаржылық жағдайы туралы шынайы және объективті ақпаратты, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған 12 айдағы оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық маңызды аспектілерде ұсынады.

**Пікір білдіруге негіз**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі қорытындымыздың «*Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі*» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне* (БЭХСК кодексі) сәйкес Қорға қатысты тәуелсіз боламыз және біз БЭХСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

**Маңызды жағдайлар - резервтерді бөлек есепке алу**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы күннің аяғындағы жағдай бойынша Қордың инвестициялық кірісінің жалпы сомасы Қордың резервтерінің әрқайсысы бойынша және оның меншікті капиталы бойынша бөлінуде оның бөлінбеген кірісінде көрсетілген. Есепті күннен кейін Қор акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімдерін орындау нәтижелері бойынша Қордың бөлінбеген кірісі азайтылатын болады, ал сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері мен зиянды өтеу резерві 1,143,356 мың теңгеге, яғни 2022 жылғы Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістер мөлшеріне ұлғайтылатын болады (10-ескертпені қараңыз). Біздің пікірімізде аталған мәселеге қатысты ескертпелер жоқ.

**Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі**

Басшылық ХҚЕС-на сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін, және басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар Қордың қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

**Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылық болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда ақылға қонымды сенім алу болып табылады.

Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды.

Бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде жорамалдауға болатын болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз; қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың және басшылық дайындығын ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың бұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей болып ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырып, олардың назарына басқалармен қатар аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты хабарлаймыз.

Шыңғысбек Сартаев
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС
Аудит жөніндегі серіктесі

Аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0000297, 09.11.2015 ж.

Шолпанай Құдайберген
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС
Бас директоры/аудиторы

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған №18013076 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы «03» шілдеде берген.

**2023 жылғы «31» наурыз**
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

**«САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ**
**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША**
**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2022 жылғы 31 желтоксан | 2021 жылғы 31 желтоксан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Акша қаражаты және олардың баламалары | 5 | 66,890 | 143,758 |
| Банк депозиттері | 6 | 1,596,494 | 1,465,868 |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері | 7 | 16,156,130 | 14,175,837 |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері | 8 | 2,087,395 | 2,281,310 |
| Алдын ала төленген табыс салығы | | 17,515 | 15,681 |
| Материалдық емес активтер | | 3,153 | 3,731 |
| Негізгі құралдар | 9 | 260,106 | 271,226 |
| Өзге активтер | | 11,494 | 10,658 |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | | **20,199,177** | **18,368,069** |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Міндеттемелер** | | | |
| Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері | 10 | 13,602,256 | 12,153,237 |
| Оның ішінде: | | | |
| СТКР ЖСК | | 9,339,138 | 8,313,825 |
| СТКР ӨСК | | 1,628,041 | 1,374,052 |
| ЗӨР | | 2,635,077 | 2,465,360 |
| Саудалық кредиторлық берешек | | 26,134 | 25,738 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 18 | 16,822 | 17,514 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **13,645,213** | **12,196,488** |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 11 | 500,000 | 500,000 |
| Сатып алынған меншікті акциялар | 11 | (98,200) | (98,200) |
| Эмиссиялық кіріс | | 94,321 | 94,321 |
| Резервтік капитал | 12 | 5,055,388 | 5,055,388 |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв | 13 | (94,250) | 11,968 |
| Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша шығындарға арналған резерв | 13 | 786,130 | 2,195 |
| Бөлінбеген кіріс (жабылмаған залал) | | 310,575 | 605,908 |
| Оның ішінде: | | | |
| есепті кезеңде | | 845,234 | 1,205,748 |
| қаражаты есебінен | | | |
| СТКР ЖСК | | 739,990 | 787,197 |
| СТКР ӨСК | | 98,907 | 123,015 |
| ЗӨР | | 304,459 | 244,726 |
| СК, нетто | | (298,122) | 50,810 |
| есепті кезеңге дейінгі кезең үшін | | (534,659) | (599,840) |
| **Капитал жиыны** | | **6,553,964** | **6,171,581** |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ** | | **20,199,177** | **18,368,069** |

Қор өтімділік тәртібімен тұтастай алғанда қаржылық жағдай туралы есептің баптарын ұсынады.
Осы қаржылық есептілікте, егер өзгеше көрсетілмесе, математикалық дөңгелектеу қағидалары бойынша есепті жылдың барлық ақшалай мәндері мың теңгеге дейін дөңгелектелген, бұл ретте басқа мәндерді қосу нәтижесін білдіретін дөңгелектелген мән дөңгелектелген қосындылар мәндерінің сомасына сәйкес келмеуі мүмкін.

**Қор басшылығынын атынан:**

**Б. Б. Когулов**
**Басқарма Төрағасы**

**А.С. Асаубаева**
**Бас бухгалтер**

2023 жылғы 31 наурыз.
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
6-44-беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## «САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ
## 2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
## ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2022 жыл | 2021 жыл |
|---|---|---|---|
| Инвестициялық кірістер | | 1,118,262 | 1,466,231 |
| Оның ішінде: | | | |
| пайыздық кіріс | 14 | 1,694,957 | 1,381,949 |
| бағамдық айырма, нетто | 15 | 207,552 | 75,085 |
| күтілетін кредиттік залал, нетто | 16 | (784,248) | 9,197 |
| Өзге де кірістер | | 2,437 | 2,991 |
| **Кірістердің барлығы** | | **1,120,699** | **1,469,222** |
| Операциялық шығыстар | 17 | (275,809) | (259,706) |
| **Жалпы пайда** | | **844,890** | **1,209,516** |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар | 18 | 344 | (3,768) |
| **Жыл ішіндегі кіріс жиыны** | | **845,234** | **1,205,748** |
| **Өзге де жиынтық кіріс** | | | |
| Оның ішінде: | | | |
| әділ құнды қайта бағалаудағы таза өзгеріс | 13 | | |
| өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | | (106,219) | 36,938 |
| өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің күтілетін кредиттік залалдары бойынша резервтегі таза өзгеріс | | 783,934 | 1,131 |
| **Жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс** | | **677,716** | **38,068** |
| **Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс** | | **1,522,949** | **1,243,816** |

**Қор басшылығының атынан:**

**Б. Б. Когулов**
**Басқарма Төрағасы**

**А.С. Асаубаева**
**Бас бухгалтер**

2023 жылғы 31 наурыз.
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
6-43-беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ**
**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН**
**МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| *Мың теңгемен* | Екер. | Жарғылық капитал | Сатып алынған меншікті акциялар | Эмиссиялық кіріс | Резервтік капитал | Қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв | Бөлінбеген кіріс (жабылмаған залал) | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2021 жылғы 1 қаңтардағы сальдо** | | **500,000** | **(100,577)** | **78,509** | **5,055,388** | **(23,905)** | **441,020** | **5,950,435** |
| Жалпы жиынтық кіріс | | – | – | – | – | 38,068 | 1,205,748 | 1,243,816 |
| Акцияларды сатып алу | | – | (11,520) | – | – | – | – | (11,520) |
| Бұрын сатып алынған акцияларды сату | | – | 13,897 | 15,812 | – | – | – | 29,709 |
| СТКР ЖСК, СТКР ӨСК, ЗӨР қалыптастыру | 10 | – | – | – | – | – | (1,040,860) | (1,040,860) |
| **2021 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо** | | **500,000** | **(98,200)** | **94,321** | **5,055,388** | **14,163** | **605,908** | **6,171,580** |
| Жалпы жиынтық кіріс | | – | – | – | – | 677,717 | 845,234 | 1,522,951 |
| Акцияларды сатып алу | | – | – | – | – | – | – | |
| Бұрын сатып алынған акцияларды сату | | – | – | – | – | – | – | |
| СТКР ЖСК, СТКР ӨСК, ЗӨР қалыптастыру | 10 | – | – | – | – | – | (1,140,567) | (1,140,567) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо** | | **500,000** | **(98,200)** | **94,321** | **5,055,388** | **691,880** | **310,575** | **6,553,964** |

**Қор басшылығының атынан:**

**Б. Б. Когулов**
**Басқарма Төрағасы**

**А.С. Асаубаева**
**Бас бухгалтер**

2023 жылғы 31 наурыз.
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
6-44-беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**«САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ**
**2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН**
**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| *Мың теңгемен* | **Ескер.** | **2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін** | **2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін** |
|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | | |
| Алынған пайыздық сыйақы | | 1,477,182 | 975,913 |
| Жұмыскерлерге төленетін төлемдер | | (161,795) | (154,953) |
| Төленген басқа да салықтар | | (46,475) | (31,865) |
| Жеткізушілерге төленген ақша | | (41,127) | (41,002) |
| Өзге де түсімдер | | 2,031 | 3,341 |
| Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен алынған ақша | | 1,229,816 | 751,434 |
| Төленген табыс салығы | | (11,832) | (9,013) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы** | | **1,217,984** | **742,421** |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | | |
| Банктік депозиттер бойынша ақша қозғалысы, нетто | | (25,847) | (28,370) |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша ақша қозғалысы | 7 | (1,737,428) | (1,383,900) |
| оның ішінде | | | |
| активтерді өтеуден (өткізуден) түскен түсімдер | | 4,245,206 | 4,458,444 |
| активтерді сатып алу | | (5,982,634) | (5,842,344) |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша ақша қозғалысы | 8 | 147,033 | (49,528) |
| оның ішінде | | | |
| активтерді өтеуден (өткізуден) түскен түсімдер | | 417,000 | 782,000 |
| активтерді сатып алу | | (269,967) | (831,528) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | 9 | (436) | (4,559) |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы** | | **(1,616,678)** | **(1,466,357)** |
| **ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ** | | | |
| Жарналарға теңестірілген жарналар мен тұрақсыздық айыбының түсуі | 10 | 380,729 | 335,482 |
| Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер | 10 | (71,743) | (14,615) |
| Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді өтеу | 10 | 167 | 30 |
| Кепілдік төлемдері | 10 | (3,065) | – |
| Бұрын сатып алынған акцияларды сату | | – | 29,709 |
| Акцияларды сатып алу | | – | (11,520) |
| **Қаржы қызметінен түскен ақшаның таза қозғалысы** | | **306,088** | **339,086** |
| **Ақшаның таза жиынтық қозғалысы** | | **(92,606)** | **(384,850)** |
| Айырбас бағамының өзгеруінің әсері | | 15,738 | (4,648) |
| **Жыл басындағы ақша қаражаты** | 5 | **143,758** | **532,523** |
| Ақша қаражатының құнсыздануы бойынша резервтің өзгеруі | | – | 733 |
| **Жыл соңындағы ақша қаражаты** | 5 | **66,890** | **143,758** |

**Қор басшылығының атынан:**

**Б. Б. Когулов**
**Басқарма Төрағасы**

**А.С. Асаубаева**
**Бас бухгалтер**

2023 жылғы 31 наурыз.
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
6-44-беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға. Қор өз қызметін «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» 2003 жылғы 03 маусымдағы № 423-II Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Қор туралы Заң) және Қордың жарғысы негізінде жүзеге асырады. Қор туралы Заңға сәйкес Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қорды мемлекеттік тіркеуді Алматы қаласының Әділет департаменті 2003 жылғы 14 тамызда жүзеге асырды, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі - 57331-1910-АҚ, КҰЖЖ коды - 40062695. Қор салық төлеуші ретінде Алматы қаласының Салық комитеті 2003 жылғы 21 тамызда тіркеді, салық төлеушінің куәлігі - сериясы 60, № 0011852. Қордың бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) - 030840002921.

Қордың негізгі кеңсесі тіркелген және орналасқан мекенжайы: Қазақстан, 050042, Алматы қаласы, Рысқұлбеков көшесі, 28/7.

Қор туралы Заңда сақтандыру ұйымдарының Қорға міндетті қатысуы көзделген сақтандырудың кепілдік берілетін түрлері мен сыныптарына:

- көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі кестелерде – КҚИ АҚЖМС);
- тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі кестелерде – ТЖ АҚЖМС);
- туристі міндетті сақтандыру (бұдан әрі кестелерде – ТМС);
- «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын аннуитеттік сақтандыру (бұдан әрі кестелерде - ЗА);
- «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын аннуитеттік сақтандыру (бұдан әрі кестелерде - ҚЖОМС).

Міндетті түрлері бойынша сақтандыруға кепілдік беру шеңберінде Қор «жалпы сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асырған сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің (бұдан әрі - СТКЖ) қатысушысы мәжбүрлеп таратылған жағдайда (мұндай тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап) өзіне мынадай міндеттемелер қабылдайды:

- Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда басқа сақтандыру ұйымына берілетін СТКЖ қатысушысының сақтандыру портфелін төлеу бойынша;
- СТКЖ қатысушысы заңсыз бас тартқан (толық немесе ішінара) не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмаған сақтандыру шарттары бойынша барлық басталған сақтандыру жағдайлары бойынша СТКЖ осы қатысушының сақтандыру портфелін беру (қабылдау) күніне дейін «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген тәртіппен СТКЖ қатысушының кредиторларына кепілдік төлемдерін жүзеге асыру бойынша.

Аннуитеттік сақтандыруға кепілдік беру шеңберінде уәкілетті органның СТКЖ қатысушысын лицензиясынан айыру туралы шешімі қабылданған жағдайда Қор:

- уәкілетті орган аталған шешімді қабылдау негізі бойынша уақытша әкімшілікті тағайындаған күннен бастап және СТКЖ қатысушысының сақтандыру портфелін «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына берген кезге дейін СТКЖ қатысушысы жасаған қолданыстағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың үздіксіздігі мен уақтылылығы;

- қызметкердің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) жағдайда жасалған аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді СТКЖ қатысушының сақтандыру портфелін уақытша әкімшілігі «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беру мүмкін болмаған кезде және заңды тұлға (жұмыс беруші) қызметі тоқтатылған (таратылған) кезде жүзеге асыру.

Кепілдік берілетін сақтандыру түрлері мен сыныптары бойынша төлемдерді жүзеге асырудан басқа, 2008 жылғы қазаннан бастап Қор жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе Қор туралы Заңда көзделген жағдайларда жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асырады. Қор қызметінің практикасында мұндай төлемдер кейде «қосымша функция бойынша төлемдер» деп аталады, өйткені мұндай төлемдерді жүзеге асыру «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандырудың міндетті түрлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 07 мамырдағы № 244-III Заңымен Қор туралы Заңға енгізілген түзетулерге сәйкес Қор функцияларының қатарына енгізілген болатын.

Қор туралы Заңға сәйкес Қордың негізгі міндеттері:

- кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- көлік оқиғасы нәтижесінде өзге адамның өмірі, денсаулығына зиян келтірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін Қор туралы Заңда көзделген жағдайларда қорғауды қамтамасыз ету;
- Қор туралы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі міндеттерді орындау үшін Қор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- Қор туралы Заңға сәйкес кепілдік төлемдерін жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда басқа сақтандыру ұйымына берілетін мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфеліне ақы төлеу;
- міндетті және төтенше, бастапқы біржолғы және қосымша жарналар - СТКЖ қатысушылардың жарналарын тарту;
- жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе Қор туралы Заңға сәйкес жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру;
- инвестициялық қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асыру.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СТАНДАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ

### Қаржылық есептілікке ықпал ететін стандарттар

Қор осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырмады.

Стандарттарға мынадай түзетулер мен түсіндірулер Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4 және ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулері «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау - 2-кезең»
- ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулері «2021 жылғы 30 маусымнан кейін қолданылатын COVID-19 пандемиясына байланысты жалға беру бойынша басқаға беру».

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде Қордың қаржылық есептілігі шығарылған күні шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Қор осы стандарттарды, түзетулерді және түсініктемелерді, егер қолданылса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары».
- ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу».
- ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулері «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер».
- ХҚЕС (IAS) 16 түзетулері «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер».
- ХҚЕС (IAS) 37 түзетулері «Ауыртпалық шарттар - шартты орындауға арналған шығындар».
- ХҚЕС (IFRS) 1 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші қолдану» түзетуі - Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым.
- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» түзетуі - қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» жүргізу кезінде комиссиялық сыйақы.
- ХҚЕС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» түзетуі - әділ құнды бағалау кезінде салық салу.
- ХҚЕС (IAS) 8 түзетулері «Бухгалтерлік бағаларды айқындау».
- ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер - «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу».

Қазіргі уақытта Қор Қордың есеп саясаты туралы ақпаратты ашуға осы түзетулердің әсерін бағалауды жүргізеді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

**Дайындық негізі**

Егер өзгеше көрсетілмесе, осы қаржылық есептілік мың теңгемен (бұдан әрі - «мың теңге») ұсынылған.

Осы қаржылық есептілік ХҚЕС 9 «Қаржы құралдарына» сәйкес әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, тарихи құн бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Тарихи құн әдетте тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге айырбастауға берілген сыйақының әділ құны негізінде айқындалады.

**Функционалдық валюта**

Қордың қаржылық есептілік баптары кәсіпорын жұмыс істейтін негізгі экономикалық ортаның валютасымен өлшенеді («функционалдық валюта»). Осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы - теңге. Егер өзгеше көрсетілмесе, барлық мәндер бүтін мың теңгеге дейін дөңгелектенген.

**Үздіксіз қызмет қағидаты**

Осы қаржылық есептілік Қор қызметінің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде дайындалды, ол Қордың активтерін іске асыруды және оның кәдімгі қызмет барысында міндеттемелерін реттеуді көздейді.

**Шетел валютасындағы операциялар мен қалдықтар**

Шетел валютасындағы операциялардың сомасы операцияларды жүзеге асыру күніндегі айырбастау бағамдарын пайдалана отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Қордың осындай операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмалардан және шетел валюталарында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің монетарлық баптары бойынша қалдықтарды есепті күнгі айырбастау бағамдары бойынша функционалдық валютаға қайта есептеуден болатын кірістері мен залалдары жиынтық кіріс туралы есепте танылған.

Тарихи құн негізінде шетел валютасымен бағаланатын активтер мен міндеттемелердің монетарлық емес баптары бойынша қалдықтар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған айырбастау бағамдары бойынша теңгемен қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетел валютасымен бағаланатын активтер мен міндеттемелердің монетарлық емес баптары бойынша қалдықтар әділ құнды айқындау күніне қолданыста болған айырбастау бағамдары бойынша теңгемен қайта есептеледі.

**Валюта бағамы**

Шетел валютасындағы операциялар осы операциялар жасалған күнгі айырбас бағамдары бойынша Қордың функционалдық валютасына қайта есептеледі. Есепті күнге шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер осы есепті күнге қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген және әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша, ал тарихи құны бойынша бағаланатындар операция күніне функционалдық валютаға қайта есептеледі. Операция жасалған күнгі бағам бойынша қайта есептеу кезінде, сондай-ақ есепті кезең күніндегі бағам бойынша монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмалар кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетіледі.

Теңгенің шетел валюталарына қатысты мынадай ресми бағамдары осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылды.

| | 2022 | | 2021 | |
|---|---|---|---|---|
| | Жыл соңы | Орташа | Жыл соңы | Орташа |
| АҚШ доллары | 462.65 | 460.85 | 431.67 | 426.03 |

**Ақша және олардың баламалары**

Ақша және оның баламалары Қордың банк шоттарындағы және оның брокерлердегі жеке шоттарындағы ақша қалдықтарын, сондай-ақ Қор өз қызметі процесінде, атап айтқанда өтімділікті басқару тәсілдерінің бірі ретінде жүзеге асыратын кері репо операциялары бойынша талаптарды қамтиды. Кері репо операцияларын жүзеге асырудың өзі Қордың инвестициялық қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде рұқсат етіледі (осы қаржылық есептілікке 19-ескертпені егжей-тегжейлі қараңыз).

Қазақстан Республикасының заңнамасы репо операциясының нысанасы болып табылатын, бір ғана екі тұлға (репо операциясына қатысушылар) тараптары болып табылатын бір шығарылымның бағалы қағаздарымен бір-бірінің бағыты бойынша бір мезгілде жасалатын, орындалу мерзімі бойынша ерекшеленетін және бір-біріне қарама-қарсы мәмілелердің жиынтығы ретінде репо операциясын айқындайды.

Қазақстандық практикада репо операциялары тікелей репо (тікелей репо) операциялары және кері репо операциялары болып бөлінеді. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның «ASTS+ сауда-клиринг жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережесі» ішкі құжаты жекелеген тұлғаға қатысты репо операциясы кері репо операциясы болып табылатынын анықтайды, оны жүзеге асыру кезінде

осы тұлға репо операциясының нысанасын кейіннен кері сату міндеттемесі шартымен сатып алады.
Қордың бухгалтерлік есебінде кері репо операциялары ақша баламасы ретінде жіктеледі және міндеттемелері бағалы қағаздар немесе өзге активтер кепілімен қамтамасыз етілген депозитте орналастырылғанға балама ақша ретінде көрсетіледі.

Қор кері репо операцияларын әдеттегі нарықтық практикаға сәйкес жүзеге асырады. Бұл ретте Қордың инвестициялық қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері Қордың кері репо операцияларын автоматты тәсілмен ғана жүзеге асыруын талап етеді («Қазақстан қор биржасы» АҚ терминологиясына сәйкес) және осындай операциялардың кез келгенінің мерзімін 30 күнмен шектейді.

Кері репо операцияларының нысаналары ретінде пайдаланылатын бағалы қағаздар Қорға осы бағалы қағаздарға меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайда берілген жағдайда ғана Қордың бухгалтерлік есебінде танылатын болады.

**Қаржы құралдары**

Қор қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» сәйкес, яғни Қор осы құралдың талаптарын айқындайтын шарт бойынша тарап болған кезде ғана қаржы құралы ретінде таниды.

*Тану және бағалау*

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын жіктеу шарттық талаптарға және қаржы құралдарын басқару үшін Қор пайдаланатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, мәмілелер бойынша шығындарды қоса алғанда немесе қоспағанда, Қор қаржы құралдарын бастапқыда әділ құн бойынша бағалайды. Егер қаржы құралдарының әділ құны оларды бастапқы тану кезінде мәміле бағасынан өзгеше болса, Қор төменде сипатталғандай бірінші күннің пайдасын немесе залалын ескереді.

Қор өзінің барлық қаржылық активтерін ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» сәйкес қаржылық активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельді және мәмілелер шарттарын негізге ала отырып, мынадай санаттар бойынша:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ретінде;
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктейді.

Қаржы активтері, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын болса, Қор амортизацияланған құн бойынша бағалайтын қаржы активтерінің санатына жатады, бұл ретте ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздық сыйақының есебінен ғана төлемдер болып табылады. Қор Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қысқа мерзімді ноталарын амортизацияланған құны бойынша бағалайды. Бұдан басқа, қаржылық есептілікті жасау кезінде Қор амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің қатарына ақша мен олардың баламаларын (кері репо операциялары бойынша талаптарды қоса алғанда), банк депозиттерін қамтиды.

Қаржы активтері Қор өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалайтын қаржы активтерінің санатына жатады. егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталса, қаржы активтерін сату үшін де, бұл ретте ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздық сыйақының шотына тек қана төлемдер болып табылады. Осы санаттағы қаржы активін тану немесе қайта жіктеу тоқтатылған кезге дейін осы

активке жататын пайда немесе залал, құнсызданудан түскен пайданы немесе залалдарды және валюта бағамдарының өзгеруінен болған шығындарды қоспағанда, өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады. Мұндай активтердің әділ құнының өзгеруінен пайда мен залалдар оларды тану тоқтатылған жағдайда Қордың кірістері мен шығыстарының құрамына қайта жіктеледі. Қор амортизацияланған құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтерді, атап айтқанда корпоративтік облигацияларды басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалайды.

Қор 2018 жылғы 01 қаңтардан бастап аталған бизнес-модельдерді алғаш рет қолданды, содан кейін оларды аталған күнгі жағдай бойынша тану тоқтатылмаған қаржы активтеріне ретроспективті түрде қолданды.

Қор өзінің Инвестициялық комитетінің 2019 жылғы 01 қарашадағы Қордың инвестициялық портфельдерінің құрамына кіретін қаржы құралдарына қатысты ниеттерін айқындау туралы шешіміне сәйкес қаржы активтерін жіктеуді жүзеге асырды. Өзінің Инвестициялық комитетіне қаржы активтерін жіктеу туралы ұсыныстар дайындау кезінде Қор SPPI тестін («solely payments of principal and interests» - «тек қана борыш пен пайыздық сыйақының негізгі сомасы есебіне төлемдер») және қаржы активтеріне қатысты бизнес-модельдерді айқындауға арналған алгоритмді пайдаланды.

Қандай да бір қаржылық актив қайта жіктелген жағдайда осы актив сияқты шығарудың, айналыстың, өтеудің (егер осылай көзделсе) талаптары бар барлық өзге де қаржылық активтер қайта жіктеуге жатады.

Әдепкі қаржылық міндеттемелерді Қор ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдарында» тікелей белгіленген, қаржылық міндеттемелер кіріс немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелуі тиіс қоспағанда, амортизацияланған құн бойынша бағаланатын ретінде жіктейді.

*Тануды тоқтату*

Қордың есеп саясаты Қордың шартқа сәйкес осы объектіден ақша ағынына құқықтары тоқтатылған кезден бастап қандай да бір объектіні қаржы активі ретінде тануды тоқтататынын белгілейді:

- осы құқықтардың қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- осы объектіні қаржы активі ретінде тануды тоқтату үшін осы объектіні ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» талаптарына сәйкес келетін басқа тұлғаға беру;
- Қорды осы құқықтардан айыру туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- осы объект бойынша барлық міндеттемелердің орындалмауы («толық дефолт»);
- осы объект бойынша міндеттемелері бар заңды тұлғаны таратуды аяқтау.

Қор қаржылық міндеттемені ол орындалған, күші жойылған не оның қолданылу мерзімі өткен кезде тануды тоқтатады. Бұл ретте қаржылық міндеттеме нақ сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай ерекшеленетін шарттармен ауыстырылған немесе қолданыстағы қаржылық міндеттеменің талаптары елеулі түрде өзгерген жағдайларда, мұндай ауыстыру (мұндай өзгерісті) Қор бастапқы қаржылық міндеттемені тануды тоқтату және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде қарайды, ал жаңа және бастапқы қаржылық міндеттемелердің баланстық құндары арасындағы айырманы Қор кіріс немесе шығыс ретінде таниды.

*Қаржы активтерінің құнсыздануы*

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдарын» қолдану қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдарға қатысты Қор пайдаланатын есепке алу тәртібін өзгертті. Осы ХҚЕС Қордың пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервтерін (провизияларын) көрсетуін талап етеді. Қор көрсетілген провизиялардың өзгерістерін құнсызданудан өзінің кірістері немесе ағымдағы кезеңнің шығыстары ретінде көрсетеді.

Қордың есеп саясатына сәйкес қандай да бір қаржы активі бойынша күтілетін кредиттік залалға провизияны Қор осы актив бойынша оның болжамды жұмыс істеуінің 12 айында күтілетін кредиттік залал мөлшерінде қалыптастырады (қаржы активін бастапқы таныған сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекел едәуір ұлғайған жағдайды қоспағанда, бұл ретте Қор осы залалға провизияны осы актив бойынша оның болжамды өмір сүруінің бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залал мөлшерінде қалыптастырады). «Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері» санаты бойынша жіктелген қаржы активі бойынша күтілетін кредиттік залал осы активтің баланстық құнын азайтады.

Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарды тану және осындай тануға байланысты өзге де іс-әрекеттерді орындау тәртібі Қордың «Күтілетін кредиттік залалдарды тану ережесі» ішкі құжатымен айқындалады. Аталған құжатқа сәйкес күтілетін кредиттік залалдарды тану мақсатында Қор қаржылық активтерге немесе олардың эмитенттеріне Standard & Poor's, Moody 's Investors Service, Fitch Ratings агенттіктерінің шкалалары бойынша берілген кредиттік рейтингтерді, сондай-ақ дефолт ықтималдығының осындай рейтингтерге байланысты мәндерін және салыстырмалы мәндерін пайдаланады дефолттар (қаржы активтері бойынша міндеттемелерді орындамау) жағдайларында қаржы активтері бойынша күтілетін залалдар мөлшерін қамтиды. Бұл ретте қаржы активтері өздеріне тән кредиттік тәуекелдердің деңгейіне - нөлдік кредиттік тәуекелдерден ең жоғары деңгейге дейін төрт себет бойынша бөлінеді.

Күтілетін кредиттік залалдарды Қор тоқсанның соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша тоқсан сайын есептейді.

*Әділ құнды айқындау*

Есепті күні сауда белсенді нарықта жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құнын Қор мәміле бойынша шығындарды ескермей, осы құралдармен мәмілелер бағалары немесе осы құралдарды сатып алуға өтінімдер бағалары негізінде айқындайды. Өзге қаржы құралдарының әділ құнын Қор бағалаудың қолайлы әдістерін пайдалана отырып, мысалы, таза келтірілген құн негізінде немесе белсенді нарықта бағалары бар ұқсас қаржы құралдарымен салыстыру жолымен айқындайды.

Шетел валютасында номинацияланған қаржы активтерінің әділ құны сол шетел валютасымен айқындалады және есепті күні қолданыста болған осы шетел валютасына теңгенің ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Бұл ретте туындайтын бағамдық айырмалар өзге жиынтық табыста танылады.

*Өзара есепке алу*

Қордың қаржылық жағдайы туралы есепте осындай өзара есеп айырысудың қорытындысын көрсете отырып, Қор қаржы құралдары ретінде таныған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алуды ол ХҚЕС (IAS) 32 «Қаржы құралдары: ұсыну» заңдық бекітілген осындай өзара есеп айырысуды жүргізу құқығы болған кезде Қордың не есеп айырысуды жүзеге асыру ниетіне сәйкес жүзеге асырады нетто-негізде не қаржылық міндеттемені өтеумен бір мезгілде қаржы активін өткізуге құқығы бар.

**Дебиторлық берешек**

ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» сәйкес Қор егер осы құқық сөзсіз болып табылса, шарт бойынша өтеуге өзінің құқығын дебиторлық берешек ретінде таниды. Дебиторлық берешекті есепке алуды Қор ХҚЕС (IAS) 32 «Қаржы құралдары: ұсыну» стандартына сәйкес Қордың есеп саясатында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізеді.

Қор дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастыра отырып, оны тану құны бойынша дебиторлық берешекті ескереді.

Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарды тану және осындай тануға байланысты өзге де іс-әрекеттерді орындау тәртібі Қордың «Күтілетін кредиттік залалдарды тану ережесі» ішкі құжатымен айқындалады. Аталған құжатқа сәйкес Қор күтілетін кредиттік залалдарды тану мақсаттары үшін дебиторлық берешектің пайда болу мерзімін және мөлшерін, сондай-ақ осындай көрсеткіштерге байланысты дефолт ықтималдығының мәнін және дефолт жағдайларында (дебиторлық берешек бойынша міндеттемелерді орындамау) дебиторлық берешек бойынша күтілетін залалдардың салыстырмалы мөлшерінің мәнін пайдаланады. Бұл ретте дебиторлық берешек өзіне тән кредиттік тәуекелдердің деңгейіне қарай төрт себет бойынша бөлінеді - нөлдік кредиттік тәуекелдерден ең жоғары тәуекелдерге дейін.

Дебиторлық берешекті есепке алу мақсаттары үшін Қор оны «қаржыландырудың елеулі компонентін қамтымайтын шарт бойынша дебиторлық берешек» және «қаржыландырудың елеулі компонентін қамтитын шарт бойынша дебиторлық берешек» санаттары бойынша жіктейді. Қор шартты қаржыландырудың елеулі құрамдас бөлігі ретінде айқындайды, егер ол жасалған сәтте қолданыста болған осы шарттың талаптарына сәйкес ол бойынша дебиторлық берешек ол күшіне енген күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жатады. Бұдан басқа, Қор дебиторлық берешек құрамында СТКЖ қатысушылардың жарналар бойынша берешегін және Қордың регрестік талаптары бойынша берешегін бөледі.

Қор СТКЖ қатысушысының осы жарнаны төлеу жөніндегі міндеті туындаған кезде және осы жарна мөлшерінде қандай да бір жарнаны төлеу жөніндегі дебиторлық берешекті СТКЖ қатысушысы деп таниды. СТКЖ қатысушысының жарна төлеу жөніндегі міндеті туындаған сәт Қазақстан Республикасының заңнамасына және қатысу шартына сәйкес айқындалады. Қор СТКЖ қатысушыларының жарналарды төлеу бойынша дебиторлық берешегін СТКЖ қатысушылар бөлінісінде де, жарналардың түрлері бөлінісінде де ескереді.

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шартында белгіленген болса, СТКЖ қатысушысының қандай да бір жарнаны төлеу жөніндегі міндетін орындамау немесе уақтылы орындамау Қордың СТКЖ қатысушысына Қордың пайдасына тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша талап қоюы үшін негіз болып табылады.

Қордың регрестік талаптары бойынша берешек «жалпы сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асырған мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының немесе «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асырған және уәкілетті органның шешімімен лицензиясынан айырылған сақтандыру ұйымының кредиторына кепілдік төлемін жүзеге асырған күннен бастап Қорға сақтандыру шарты бойынша кредиторды талап ету құқығы Қор жүзеге асырған көлемде ауысуына байланысты туындайды кепілдік төлемі.

Қорға өткен кредитордың талабын, сондай-ақ Қорға кепілдік төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қор осы сақтандыру ұйымының тарату комиссиясына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ұсынады. Сақтандыру ұйымының кредиторларына кепілдікті төлемдерді жүзеге асыруға байланысты Қордың шығыстарын өтеуді осы сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 51-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен осы сақтандыру ұйымының аралық тарату балансына сәйкес оны бекіткен күннен бастап жүргізеді.

**Негізгі құралдар**

*Тану және есепке алу*

Негізгі құралдардың объектілерін Қор жинақталған тозуды және құнсызданудан болған залалдарды шегере отырып, сатып алу құны бойынша есепке алады.

Негізгі құралдар объектісінің құны оны сатып алуға тікелей байланысты шығындарды қамтиды. Қор шаруашылық тәсілмен дайындаған немесе салған негізгі құралдар объектісінің құны материалдардың және тікелей жұмыс күшінің құнын, кез келген басқа да шығындарды, оны болжамды пайдалану үшін осы объектіні жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты сондай-ақ заттарды бөлшектеу және алып тастау және учаскені қалпына келтіру жөніндегі шығыстарды, осы объект орналасқан жерде және осы объектіні дайындау немесе салу үшін Қор тартқан қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындарды қамтиды. Егер негізгі құралдар объектісі Қор сатып алған, осы жабдықтың функционалдылығын қамтамасыз ету үшін ажырамас қажет бағдарламалық қамтамасыз ету жабдық болып табылса, оның құнына капиталдандырылады.

Егер негізгі құралдар объектісі ұтымды пайдаланудың әртүрлі мерзімі бар жекелеген компоненттерден тұратын болса, олардың әрқайсысы негізгі құралдардың жеке объектісі (елеулі компоненті) ретінде ескеріледі.

Негізгі құралдар объектісінің шығуынан түскен кірістің немесе залалдың кез келген сомасын Қор осы объектінің шығуынан түсетін түсімді оның баланстық құнымен салыстыру арқылы айқындайды және Қордың таза кірісінің немесе залалының құрамындағы «өзге кірістер» немесе «өзге шығыстар» жолы бойынша нетто-түрінде танылады.

*Кейінгі шығындар*

Негізгі құралдар объектісінің бір бөлігін (елеулі компонентін) ауыстыруға байланысты шығындар, егер Қордың осы бөлікке байланысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болып табылса және оның құнын сенімді айқындауға болатын болса, осы объектінің баланстық құнын ұлғайтады. Негізгі құралдар объектісінің ауыстырылған бөлігінің баланстық құны есептен шығарылады. Негізгі құралдар объектілерін ағымдағы жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар Қордың кірістері мен шығыстарында олар туындаған сәтте танылады.

*Тозу*

Негізгі құралдар объектісінің тозуы осы объектінің пайдалы қызметінің күтілетін мерзімі ішінде түзу сызықты әдіс бойынша есептеледі. Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің күтілетін мерзімдері төменде келтірілген.

| | **Жыл саны** |
|---|---|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 50 |
| Өзге де негізгі құралдар | 3-10 |

**Материалдық емес активтер**

Қордың материалдық емес активтері негізінен Қор сатып алған қызмет мерзімі шектеулі бағдарламалық қамтамасыз етуді білдіреді және жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалдарды шегергенде, материалдық емес активтерді мақсаты бойынша пайдалануға дайындауға тікелей қатысты кез келген шығындарды қоса алғанда, сатып алу құнын қамтитын құн бойынша ескеріледі.

Материалдық емес активтің тозуы осы активтің пайдалы қызметінің бүкіл мерзімі ішінде түзу сызықты әдіс бойынша есептеледі. Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімдері төменде келтірілген.

| | **Жыл саны** |
|---|---|
| Операциялық жүйелер мен бағдарламалар | 5 |
| Өзге де материалдық емес активтер | 10 |

**Ұзақ мерзімді активтердің (негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің) құнсыздануы**

Қор оқиғалар немесе мән-жайлардың өзгеруі ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны өтелмеуі мүмкін екендігін куәландыратын жағдайларда құнсызданудың болуына ұзақ мерзімді активтердің баланстық құнын талдауды жүзеге асырады. Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілері болған кезде Қор ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны олардың өтелетін құнынан асып кететінін анықтауға мүмкіндік беретін бағалауды орындайды. Мұндай талдау ақша түсімдерінің дербес көздері болып табылмайтын активтерді қоспағанда, әрбір актив үшін жеке жүзеге асырылады. Бұл жағдайда талдау тұтастай алғанда Қор деңгейінде жүзеге асырылады.

Ұзақ мерзімді активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткен жағдайда Қор осы активті аз құн бойынша көрсету үшін резерв құрады. Шығындарды қалпына келтіру және осы активтің құнсыздануынан болған залалдар Қордың кірістері мен шығыстарында танылады.

*Өтелетін соманы есептеу*

Ұзақ мерзімді активтің өтелетін құны оны пайдалануға арналған шығыстарды шегергендегі оны пайдалану құндылығының және осы активтің әділ құнының ең үлкен шамасы ретінде айқындалады. Активті пайдалану құндылығын бағалау кезінде күтілетін болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салықтарды шегергенге дейін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Ақшалай түсімдердің дербес көздері болып табылмайтын ұзақ мерзімді активтердің өтелетін құны тұтастай алғанда Қордың өтелетін құнының құрамында айқындалады.

*Құнсызданудан болған залалдарды қалпына келтіру*

Егер осы активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылатын бағалауларда өзгерістер болған жағдайда, ұзақ мерзімді активтің құнсыздануынан бұрын танылған залал қалпына келтіруге жатады. Ұзақ мерзімді активтің құнсыздануынан болған залал, егер осы активтің құнсыздануынан болған залал танылмаған жағдайда айқындалған осы активтің баланстық құны (тозуды немесе амортизацияны шегергенде) оның баланстық құнынан аспайтын дәрежеде ғана қалпына келтіріледі.

**Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері**

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері:

- «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві (көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі СТКЖ қатысушылардың міндетті жарналары, сондай-ақ «жалпы сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын СТКЖ қатысушылары төлейтін туристі міндетті сақтандыру бойынша міндетті жарналар түседі);
- «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві («Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын аннуитеттік сақтандыру бойынша СТКЖ қатысушылары төлейтін туристі міндетті сақтандыру бойынша міндетті жарналар, сондай-ақ "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын СТКЖ қатысушыларының міндетті жарналары келіп түседі).

Қор туралы Заңға сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері міндетті жарналар, оларды инвестициялаудан алынған кірістер (залалдар) (Қордың комиссиялық сыйақысын шегергенде), сондай-ақ Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібімен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан Қор алған ақша есебінен қалыптастырылады. Бұдан басқа, Қордың есеп саясатына сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері СТКЖ қатысушылары төлеген тұрақсыздық айыбы есебінен қалыптастырылады (төменде егжей-тегжейлі қараңыз).

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері басталған сақтандыру жағдайлары бойынша кепілдік төлемдерін жүзеге асыру үшін пайдаланылады. Кепілдік төлемдерін жүзеге асыру және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін төлеу үшін сақтандыру төлемдеріне кепілдік берудің қандай да бір резерві жеткіліксіз болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жұмыс істеп тұрған СТКЖ қатысушысына берілетін міндеттемелерін орындамаған жағдайда Қор тиісті СТКЖ қатысушыларының төтенше жарналарын тартады, ал жеткіліксіз болған жағдайда өзінің меншікті капиталын ішінара пайдаланады (сақтандырудың қандай саласы бойынша кепілдік берілетініне байланысты) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де ұйымдардың қарыздарын тартады. Бұл ретте Қордың кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қолданыстағы СТКЖ қатысушысына берілетін сақтандыру портфелін төлеу жөніндегі шығыстары олардың шартты міндеттемелері шегінде СТКЖ қатысушылардың төтенше жарналары есебінен өтелуге жатады.

Бұдан басқа, «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе зиянды өтеу резерві жеткіліксіз болған жағдайда жерлеуге арналған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру қажет болған кезде пайдаланылуы мүмкін. Осылайша пайдаланылған «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервін қалпына келтіру үшін Қор «жалпы сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асыратын СТКЖ қатысушылардың төтенше жарналарын тартады.

*Зиянды өтеу резерві*

Қор туралы Заңға сәйкес зиянды өтеу резерві бастапқы біржолғы және қосымша жарналар, оларды инвестициялаудан алынған кірістер (залалдар) есебінен қалыптастырылады (Қордың комиссиялық сыйақысын шегергенде). Бұдан басқа, Қордың есеп саясатына сәйкес зиянды өтеу резерві СТКЖ қатысушылар төлеген тұрақсыздық айыбы есебінен қалыптастырылады (төменде егжей-тегжейлі қараңыз).

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі «жалпы сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын СТКЖ қатысушылары ғана бастапқы біржолғы және қосымша жарналарды төлеушілер болып табылады.

*Жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлері мен мөлшерлемелері*

Зиянды өтеу резервін қалыптастыру үшін бастапқы біржолғы жарналардың мөлшерін уәкілетті орган белгілейді.

Міндетті және шартты міндеттемелердің мөлшерлемелерін, қосымша жарналардың мөлшерлемелерін (мөлшерлерін) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 387 қаулысымен бекітілген «Сақтандыру ұйымдарының – Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры қатысушыларының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесі, міндетті, қосымша және төтенше жарналар төлеу тәртібі мен мерзімдері, шартты міндеттемелерді қалыптастыру және есебін жүргізу туралы ережені» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Қордың Директорлар кеңесі бекітеді.

Аталған нормативтік құқықтық актіге сәйкес міндетті жарналардың базалық мөлшерлемесін, қосымша жарналар мөлшерлемесін, шартты міндеттемелер мөлшерлемелерін есептеу формулаларын Қордың Директорлар кеңесі бекітеді. Бұл ретте міндетті жарнаның базалық мөлшерлемесін есептеу формулалары, шартты міндеттемелер мөлшерлемелері әрбір үш жыл сайын қайта қаралуға жатады.

Қордың Директорлар кеңесі міндетті жарналардың базалық мөлшерлемесінен басқа, СТКЖ қатысушысының қаржылық жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштердің мәндерін негізге ала отырып, әрбір қатысушы үшін міндетті жарнаның жеке мөлшерлемесін бекітеді. Осы мөлшерлемені есептеу шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар аталған нормативтік құқықтық актіде де белгіленген.

Міндетті жарналар мен шартты міндеттемелер мөлшерлемелерін, СТКЖ қатысушылары үшін қосымша жарналардың абсолюттік мөлшерлерін айқындау шарттары мен тәртібі Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы наурыздағы шешімімен бекітілген «Міндетті жарналар мен шартты міндеттемелер мөлшерлемелерін, қосымша жарналардың абсолюттік мөлшерлерін есептеу қағидалары» Қордың ішкі құжатында айқындалған. Аталған құжаттың құрамдас бөлігі аталған құжатты бекіту және оған түзетулер шеңберінде Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітілетін міндетті жарналар мен шартты міндеттемелер мөлшерлемелерін, қосымша жарналардың абсолюттік мөлшерлерін есептеу формулалары болып табылады. Қор СТКЖ қатысушылардың жарналарын есептеу қағидаты бойынша ескереді.

*Қордың резервтерін қалыптастыру көзі ретіндегі инвестициялық кірістер*

Қордың есеп саясатына сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражатын және зиянды өтеу резервін инвестициялаудан алынған кірістер (залалдар) осындай кірістерді алу шамасына қарай осы резервтерді ұлғайтуға немесе азайтуға бағытталады (шығындар) (Қазақстан Республикасы салық заңнамасының және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының нормаларын сақтамау мүмкіндігі үшін), ал Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес, бұл Қор туралы заңға қайшы келмейді.

Қор акционерлерінің жалпы жиналысы сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің қаражатын және зиянды өтеу резервін инвестициялаудан алынған кірістерді (залалдарды) осы резервтерді ұлғайтуға немесе азайтуға бағыттау туралы шешім қабылдай отырып, сондай-ақ Қор туралы Заңға және заңға тәуелді ережелерге сәйкес осындай кірістерден ұстап қалатын 14-комиссиялық сыйақының мөлшерін айқындайды.

*Қордың резервтерін қалыптастыру көзі ретіндегі тұрақсыздық айыбы*

Қордың есеп саясаты Қор өзінің бухгалтерлік есебінде және басқару есебінде Қордың кірісі ретінде емес, СТКЖ қатысушылардың жарналары ретінде жарналарды төлеу жөніндегі олардың міндеттерін орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін СТКЖ қатысушыларынан алған тұрақсыздық айыбын қарайды және ескереді деп белгілейді. Тиісінше, Қор өздерінің жарналарды төлеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін СТКЖ қатысушыларынан алған тұрақсыздық айыбын осы тұрақсыздық айыбын алуына қарай сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерін, зиянды өтеу резервін қалыптастыруға жібереді.

*Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша кепілдік төлемдері*

Қор «жалпы сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асырған СТКЖ қатысушысын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген жағдайда кредиторларға:

- СТКЖ қатысушысы мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейінгі кезеңде ол заңсыз бас тартқан (толық немесе ішінара) не сақтандыру төлемін толық

көлемде жүзеге асырмаған сақтандыру шарттары бойынша барлық басталған сақтандыру жағдайлары бойынша;
- СТКЖ қатысушысын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген тәртіппен сақтандыру портфелін қолданыстағы СТКЖ қатысушысына беру (қабылдау) күніне дейінгі кезеңде басталған сақтандыру жағдайлары бойынша кепілдік төлемдерді жүзеге асырады.

Кепілдік төлемімен моральдық залал, кредитордың жіберілген пайдасы, сақтандыру шарты бойынша тұрақсыздық айыбы және мәжбүрлеп таратылатын СТКЖ қатысушысынан бұрын сот тәртібімен өндіріп алынған өзге де шығыстар өтелмейді.

Қор туралы Заңға сәйкес мәжбүрлеп таратылатын СТКЖ қатысушысының кредиторы сақтандыру төлемін алу үшін  қолданыстағы СТКЖ қатысушысына жүгінген жағдайларда Қор СТКЖ қатысушылардың екіншісінің зақымдалған мүлікті бағалауды жүргізуге арналған шығыстарды қоса алғанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарын нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде өтейді.

Мәжбүрлеп таратылатын СТКЖ қатысушысының кредиторына кепілдік төлемі жүзеге асырылған күннен бастап жүзеге асырылған кепілдік төлемі көлемінде сақтандыру шарты бойынша кредитордың талап ету құқығы Қорға ауысады. Кредитордың талап ету құқығына ауысқан, сондай-ақ кепілдік төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қор осы СТКЖ қатысушысының тарату комиссиясына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ұсынады.

Мәжбүрлеп таратылатын СТКЖ қатысушысының кредиторына кепілдік төлемі жүзеге асырылған күннен бастап жүзеге асырылған кепілдік төлемі көлемінде сақтандыру шарты бойынша кредитордың талап ету құқығы Қорға ауысады. Кредитордың талап ету құқығына ауысқан, сондай-ақ кепілдік төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қор осы СТКЖ қатысушысының тарату комиссиясына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ұсынады.

*Кепілдік берілген аннуитеттік сақтандыру сыныптары бойынша кепілдікті төлемдер*

Уәкілетті орган «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асырған СТКЖ қатысушысының лицензиясынан айырған жағдайда, уақытша әкімшілік кепілдік берілетін аннуитеттік сақтандыру шарттарының тізілімін Қорға берген күннен бастап екі жұмыс күні өткен соң Қор кредиторларға:

- уәкілетті органның СТКЖ қатысушысын лицензиядан айыру туралы шешімін қабылдау негізі бойынша уәкілетті орган СТКЖ қатысушысын уақытша әкімшілікке тағайындау сәтінде қолданыста болған аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша;
- СТКЖ қатысушысының уақытша әкімшілігінің сақтандыру портфелін қолданыстағы СТКЖ қатысушысына беруі мүмкін болмаған кезде және жұмыс беруші заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған (таратылған) кезде (уәкілетті орган уақытша әкімшілікті тағайындаған күннен бастап) қызметкерлердің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеуге немесе ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты жасалған аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша кепілдік төлемдерін жүзеге асырады.

Қор көрсетілген негіздердің біріншісі бойынша кепілдік төлемдерін жүзеге асырған кезде кредиторлардың кепілдік төлемдерін алу құқықтары «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген тәртіппен таратылатын СТКЖ қатысушысының қолданыстағы СТКЖ қатысушысына сақтандыру портфелін берген күнге дейін қолданылады.

Таратылатын СТКЖ қатысушысының кредиторына кепілдік төлемі жүзеге асырылған күннен бастап жүзеге асырылған кепілдік төлемі көлемінде сақтандыру шарты бойынша кредитордың

талап ету құқығы Қорға ауысады. Кредитордың талап ету құқығына ауысқан, сондай-ақ кепілдік төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қор осы СТКЖ қатысушысының тарату комиссиясына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ұсынады.

*Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер*

Қор көлік оқиғалары болған жерден жасырынған және жәбірленушіге зиян келтіруге жауапты адамдар анықталмаған жағдайларда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асырады. Мұндай төлемдерді алуға Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар құқылы. Жәбірленушінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша төлемдерді Қор жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірілген кезде ғана жүзеге асырады.

Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу жөніндегі төлемдер зиянды өтеу резервінің қаражатынан жүзеге асырылады.

**Провизиялар**

Қор өткен оқиға нәтижесінде пайда болған, заңды немесе сындарлы сипатта болған, ақылға қонымды бағалануы мүмкін және осы міндеттемені өтеу үшін экономикалық ресурстардың әкетілуі талап етілу ықтималдығы болған жағдайда провизияны өз міндеттемесі бойынша таниды (қалыптастырады). Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болып табылса, Қордың міндеттемесі бойынша провизиялар ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын және орынды болған жерде осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі мөлшерлеме бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен есептеледі. Егер салық салуға дейінгі мөлшерлеме бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау пайдаланылған жағдайда, уақыт өткен соң провизия сомасының ұлғаюы қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде танылады.

Қор өзге провизияларды Қордың заңды немесе конструктивтік міндеттемесі болған кезде, оған байланысты ресурстардың кету ықтималдығы бар және ол бойынша ақылға қонымды құндық бағалау жасалуы мүмкін кезде құрады.

**Зейнетақы міндеттемелері**

Қорда Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа, жұмыс берушілерден параметрлері қызметкерлерге төленген табыстардан қызметкердің осындай жарналарды есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табысының пайызымен белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелетін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді талап ететін зейнетақымен қамсыздандырудың қосымша схемалары жоқ.

**Пайыздық кірістер**

Қаржы активтері бойынша пайыздық кірістерді, егер оның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және осы кірістердің шамасы анық айқындалуы мүмкін болса, Қор таниды. Пайыздық кірістерді Қор есептеу қағидаты бойынша көрсетеді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің (не біртекті қаржылық активтер тобының немесе біртекті қаржылық міндеттемелер тобының) амортизацияланған құнын есептеуден, сондай-ақ пайыздық кірісті немесе пайыздық шығысты тиісті кезеңге жатқызудан тұратын әдіс.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл борыштық құралды өтеуге дейін күтілетін мерзімге немесе, егер қолданылса, борыштық құралды есепке алу сәтінде неғұрлым қысқа мерзімге борыштық құрал бойынша күтілетін болашақ ақша түсімдерін дисконттау мөлшерлемесі (ол бойынша пайыздық төлемдердің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша алынған немесе жүргізілген барлық төлемдерді, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды, өзге де сыйлықақылар мен дисконттарды қоса алғанда).

Егер қаржы активі немесе біртекті қаржы активтерінің тобы құнсыздану нәтижесінде толық немесе ішінара есептен шығарылса (толық немесе ішінара есептен шығарылса), пайыздық табыс құнсызданудан болған залалдарды есептеу мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлемені негізге ала отырып айқындалады.

Әділ құны бойынша бағаланатын активтер бойынша алынған пайыздық сыйақы пайыздық кірістер ретінде жіктеледі.

Кері репо операциясы бойынша кірісті немесе залалды Қор осы операцияның мәні ретінде пайдаланылған қаржы активтерін кері сату бағасы мен осы операцияны ашу кезінде оларды сатып алу бағасы арасындағы айырманы негізге ала отырып, кірістер мен шығыстар туралы есепте пайыздық кірістер ретінде таниды. Кері репо операциясы бастапқы шарттарда орындалған жағдайда, оның кірістілігі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып танылады.

Қордың пайыздық кірістері туралы ақпарат осы қаржылық есептілікке 14-ескертпеде берілген.

**Табыс салығы бойынша шығыстар**

Қордың табыс салығы бойынша шығыстары ағымдағы кезеңнің табыс салығын және кейінге қалдырылған салық міндеттемесін қамтиды. Қордың табыс салығы бойынша шығыстары капиталда танылатын операцияларға жататын бөлігін қоспағанда, оның табыстары мен шығыстарында көрсетіледі (мұндай жағдайда Қордың табыс салығы бойынша шығыстары оның капиталында танылады).

Ағымдағы кезеңнің табыс салығы Қордың есепті жыл үшін оның салық салынатын табысына қатысты төлеуіне жататын табыс салығының сомасын, сондай-ақ Қордың өткен жылдар үшін табыс салығын төлеу жөніндегі міндеттемелері шамасының барлық түзетулерін білдіреді.

Қордың кейінге қалдырылған салық міндеттемесі қаржылық есептілік мақсаттары үшін пайдаланылатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық салу мақсаттары үшін пайдаланылатын құны арасындағы уақытша айырмашылықтарды айқындау арқылы баланстық әдісті пайдалана отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін Қор қаржылық есептілік жасалған күні күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген салық салу мөлшерлемелерін және салық заңнамасының ережелерін негізге ала отырып, Қор күтіп отырғандай, активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңіне қолданылатын болады.

Кейінге қалдырылған салық активін Қор болашақта осы активтің сомасына азайтылуы мүмкін салық салынатын табысты алу ықтималдығы бар дәрежеде ғана таниды. Кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасы тиісті салық жеңілдігінің іске асырылу ықтималдығы қаншалықты көбірек төмендейтіндей дәрежеде азайтылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін Қор мынадай шарттар сақталған кезде:

- егер ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелерінің есебіне есепке жатқызудың заңды бекітілген құқығы болса;
- егер кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері бір ғана салық салу объектісіне және бір ғана салық органына жатса, есепке алады.

Ағымдағы кезеңнің табыс салығы және Қордың кейінге қалдырылған салық міндеттемелері туралы ақпарат осы қаржылық есептілікке 18-ескертпеде берілген.

## 4. СЫНИ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ БЕЛГІСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ

Осы қаржылық есептілікті ХҚЕС-на сәйкес дайындау кезінде Қор басшылығы активтер мен міндеттемелерді көрсету және шартты активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты ашу мәселелеріне қатысы бар кәсіби пайымдауларды, жорамалдарды және есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Жорамалдар мен олардың негізінде жасалған есептік бағалауларды басшылық оларды өзгерту қажеттілігі тұрғысынан үнемі талдайды. Есептік бағалаулардағы өзгерістер осы бағалар қайта қаралған есепті кезеңде және көрсетілген өзгерістерге қатысты барлық кейінгі кезеңдерде танылады.

Төменде Қор басшылығының пікірінше, осы қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер етуі мүмкін сыни пайымдаулар, негізгі жорамалдар және болашаққа қатысты бағалаулардың белгісіздігінің көздері келтірілген. Дегенмен, Қор басшылығы бағалаудағы өзгерістер салдарынан келесі 12 ай ішінде қаржылық активтер мен міндеттемелер құнының, сондай-ақ салықтар бойынша міндеттемелердің өзгеруіне қатысты елеулі тәуекелді күтпейді.

**Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау**

Қор қаржы активтері бойынша және дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастырады. Мұндай шығындардың мөлшерін Қор қаржы активтеріне немесе олардың эмитенттеріне берілген кредиттік залалдарды және дебиторлық берешектің пайда болу мерзімін және мөлшерін негізге ала отырып айқындайды. Күтілетін кредиттік залалдар туралы ақпарат осы қаржылық есептілікке 16-ескертпеде берілген. Сондай-ақ осы қаржылық есептілікке 3-ескертпені, "Қаржы құралдары. Қаржы активтерінің құнсыздануы" және "Дебиторлық берешек" бөлімдерін, және осы қаржылық есептілікке 19-ескертпені қараңыз.

**Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері**

Егер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржы активтерінің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде айқындау мүмкін болмаса, оны Қор математикалық бағалардың әртүрлі модельдерін пайдалана отырып айқындайды. Мұндай модельдер үшін бастапқы деректер ретінде, егер бұл қолданылатын болса, бақыланатын нарықтың бағалары пайдаланылады. Керісінше жағдайда қаржы активтерінің әділ құнын айқындау үшін Қор басшылығы пайымдауды қолдануы қажет. Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері туралы ақпарат осы қаржылық есептілікке 8-ескертпеде берілген. Сондай-ақ осы қаржылық есептілікке 3-ескертпені, "Қаржы құралдары. Қаржы активтерінің құнсыздануы" бөлімдерін қараңыз.

**Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері**

Мәжбүрлеп таратылған немесе таратылатын сақтандыру ұйымдарының кредиторларына, сондай-ақ жәбірленушілерге олардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтірген кезде төлемдерді жүзеге асыру кезінде туындайтын міндеттемелерді бағалау Қор басшылығының неғұрлым маңызды есептік бағасы болып табылады. Қор өз резервтерін бағалау міндеттемесі ретінде таниды, өйткені Қор резервтерінен төлемдердің мөлшері мен мерзімін дұрыс бағалау мүмкін емес.

Қор туралы Заңға сәйкес Қор - сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері жеткіліксіз болған жағдайда - СТКЖ қатысушылардың төтенше жарналарын тартады, ал олар жеткіліксіз болған жағдайда өз капиталын заңнамада көзделген тәртіппен пайдаланады. Сақтандыру төлемдеріне

кепілдік беру резервтері мен Қордың меншікті капиталы жеткіліксіз болған кезде ол Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен, Қазақстан Республикасының Үкіметінен және өзге де ұйымдардан қарыздар тартуға құқылы.

Қордың резервтері (сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері, зиянды өтеу резерві) туралы ақпарат осы қаржылық есептілікке 10-ескертпеде берілген.

Қордың есеп саясатына сәйкес ол өзінің алдыңғы кезеңдер үшін жинақталған резервтерін міндеттемелер шоттарында, ал Қордың резервтері қаражаты есебінен алынған есепті кезеңдегі инвестициялық кірісті (инвестициялық шығындарды) - бөлінбеген кіріс (жабылмаған залал) ретінде капитал шоттарында таниды. Есепті күннен кейін Қор акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының нәтижелері бойынша Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан алынған бөлінбеген кірістің (жабылмаған залалдың) бір бөлігі оның жекелеген резервтер бойынша міндеттемелерінің шоттарына көшіріледі.

**Инвестициялық кіріс**

Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістерді (залалдарды) осы резервтер арасында дұрыс бөлу үшін Қор инвестициялық кірістер (залалдар) ретінде мыналарды ескереді:

- пайыздық кірістер;
- бағамдық айырмадан түскен кірістер (залалдар);
- қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастыруға арналған шығыстар, қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бұрын қалыптастырылған бағалау резервтерін (провизияларды) қалпына келтіруден түсетін кірістер.

**Салық салу**

Қорға қолданылатын әртүрлі салықтарды тану үшін басшылықтың пайымы талап етіледі. Пайымдаулар, ең алдымен, корпоративтік табыс салығына қатысты жасалады. Басшылық өзі қабылдаған ұстаным Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келеді және Қордың қызметіне салық салудың ықтимал нәтижесін көрсетеді деп санайды. Болашақта салық органдарының тексеруі салдарынан танылуы мүмкін Қордың салық міндеттемелері салық заңнамасының әртүрлі түсіндірмелерінен ерекшеленуі мүмкін. Мұндай түсіндірмелер есептелген салықтардың сомасына әсер етуі мүмкін. Неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат осы қаржылық есептілікке 20-ескертпеде берілген.

## 5. АҚША ҚАРАЖАТЫ

| мың теңге | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Кері репо операциялары бойынша талаптар | 64,096 | 140,645 |
| Ағымдағы банк шоттарындағы ақша | 111 | 158 |
| Жеке брокерлік шоттардағы ақша | 2,683 | 2,955 |
| | **66,890** | **143,758** |

## 6. БАНК ДЕПОЗИТТЕРІ

| мың теңге | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Банктік депозиттердегі теңгедегі ақша | 17,552 | 5,302 |
| Банктік депозиттердегі шетел валютасындағы ақша | 1,582,903 | 1,464,203 |
| | **1,600,455** | **1,469,505** |
| Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв | (3,961) | (3,637) |
| | **1,596,494** | **1,465,868** |

Банк депозиттерінің құнсыздануы бойынша резервтің өзгеруі мынадай түрде берілген:

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға | 3,637 | 13,508 |
| Есептелді | 5,852 | 6,488 |
| Қалпына келтірілді | (5,528) | (16,359) |
| **31 желтоқсанға** | **3,961** | **3,637** |

## 7. АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигацияларымен ұсынылған.

Бағалы қағаздар бойынша қозғалыс мынадай түрде берілген:

| мың теңге | ҚҚМ облигациялары | ҚҰБ қысқа мерзімді ноталары | Жиыны |
|---|---|---|---|
| 2021 жылғы 1 қаңтарға | 10,064,010 | 2,307,852 | 12,371,862 |
| Түсім | 5,612,578 | 460,000 | 6,072,578 |
| Істен шығу | (1,644,479) | (2,813,965) | (4,458,444) |
| Есептелген сыйақы | 868,614 | - | 868,614 |
| Алынған сыйақы | (741,357) | - | (741,357) |
| Дисконтті (сыйлықақыны) тану | (227,029) | (3,205) | (230,234) |
| Дисконттың (сыйлықақының) амортизациясы | 211,376 | 49,318 | 260,694 |
| Бағамдық айырма | 32,124 | - | 32,124 |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | **14,175,837** | **-** | **14,175,837** |
| Түсім | 5,895,064 | - | 5,895,064 |
| Істен шығу | (4,249,398) | - | (4,249,398) |
| Есептелген сыйақы | 1,207,115 | - | 1,207,115 |
| Алынған сыйақы | (1,141,913) | - | (1,141,913) |
| Дисконттың (сыйлықақының) амортизациясы | 180,065 | - | 180,065 |
| Бағамдық айырма | 89,360 | - | 89,360 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **16,156,130** | **-** | **16,156,130** |

## 8. ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері корпоративтік облигациялармен ұсынылған.

Бағалы қағаздар бойынша қозғалыс мынадай түрде берілген:

| мың теңге | Корпоративтік облигациялар |
|---|---|
| 2021 жылғы 1 қаңтарға | 2,179,480 |
| Түсім | 874,477 |
| Істен шығу | (782,000) |
| Есептелген сыйақы | 173,789 |
| Алынған сыйақы | (197,081) |
| Дисконтті (сыйлықақыны) тану | (42,949) |
| Дисконттың (сыйлықақының) амортизациясы | 33,351 |
| Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв | 36,937 |
| Бағамдық айырма | 5,306 |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | **2,281,310** |
| Түсім | 272,971 |
| Істен шығу | (434,384) |
| Есептелген сыйақы | 207,836 |
| Алынған сыйақы | (188,766) |
| Дисконттың (сыйлықақының) амортизациясы | 40,846 |
| Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв | (106,544) |
| Бағамдық айырма | 14,126 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **2,087,395** |

## 9. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

| мың теңге | **Жер** | **Ғимараттар мен құрылыстар** | **Басқалар** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құн** | | | | |
| 2021 жылғы 1 қаңтарға | 9,116 | 267,884 | 34,967 | 311,967 |
| Түсім | - | - | 3,375 | 3,375 |
| Қорлардан аудару | - | - | 224 | 224 |
| Істен шығу | - | - | (531) | (531) |
| Қайта құрылымдау* | - | (21,382) | - | (21,382) |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | **9,116** | **246,502** | **38,035** | **293,653** |
| Түсім | - | - | 436 | 436 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **9,116** | **246,502** | **38,471** | **294,089** |
| **Тозу** | | | | |
| 2021 жылғы 1 қаңтарға | - | (16,520) | (16,010) | (32,530) |
| Есептелген тозу | - | (4,921) | (6,583) | (11,504) |
| Істен шығу | - | - | 225 | 225 |
| Қайта құрылымдау* | - | 21,382 | - | 21,382 |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | **-** | **(59)** | **(22,368)** | **(22,427)** |
| Есептелген тозу | - | (5,366) | (6,190) | (11,556) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **-** | **(5,425)** | **(28,558)** | **(33,983)** |
| **Баланстық құн** | | | | |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | **9,116** | **246,443** | **15,667** | **271,226** |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **9,116** | **241,077** | **9,913** | **260,106** |

2022 жылғы 31 желтоқсанда Қордың пайдалануында 100%-дық амортизация есептелген, ұтымды пайдаланудың нормативтік мерзімі өткен, бастапқы құны 21,687 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда 7,444 мың теңге) негізгі құралдар бар.

## 10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖӘНЕ ЗИЯНДЫ ӨТЕУ РЕЗЕРВТЕРІ

| | СТКР ЖСК | | | | СТКР ӨСК | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мың теңге | ҚҚИ АҚЖМС | ТЖ АҚЖМС | ТМС | Жиыны | ЗА | ҚЖОМС | ТМС | Жиыны | ЗӨР | Жиыны |
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 7,860,572 | 336,762 | 116,491 | 8,313,825 | 1,008,968 | 365,071 | 13 | 1,374,052 | 2,465,360 | 12,153,237 |
| Есептелген жарналар | 230,821 | 6,007 | 14,246 | 251,074 | 113,931 | 18,076 | - | 132,007 | - | 383,081 |
| Жарналарға теңестірілген тұрақсыздық айыбы * | - | - | 14 | 14 | - | - | - | - | (1) | 13 |
| Резервтерден төленетін төлемдер | (3,065) | - | - | (3,065) | - | - | - | - | (71,575) | (74,640) |
| Резервтерден төленетін төлемдерді өтеу | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| Инвестициялық кірістер есебінен резервтерді қалыптастыру, нетто | 735,368 | 31,758 | 10,164 | 777,290 | 89,621 | 32,362 | - | 121,983 | 241,293 | 1,140,566 |
| оның ішінде | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |
| инвестициялық кірістер есебінен | 744,742 | 32,162 | 10,293 | 787,197 | 92,144 | 33,272 | - | 125,416 | 242,325 | 1,154,938 |
| Қордың комиссиясын шегергенде | (9,374) | (404) | (129) | (9,907) | (2,523) | (910) | - | (3,433) | (1,032) | (14,372) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **8,823,696** | **374,527** | **140,915** | **9,339,138** | **1,212,520** | **415,509** | **13** | **1,628,041** | **2,635,077** | **13,602,256** |

** Жарналарды төлеу бойынша СТКЖ қатысушыларының міндеттерін орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы.*

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерін және зиянды өтеу резервін қалыптастыру бойынша 2022 жыл ішінде қозғалыс төменде берілген.

| мың теңге | Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері, зиянды өтеу резерві | Жарналар бойынша кредиторлық берешек (артық төлеу) | Жиыны |
|---|---|---|---|
| 2022 жылғы 1 қаңтарға | 12,153,237 | 10,385 | 12,163,622 |
| Жарналарды төлеуге төлемдер | 383,079 | (10,385) | 372,694 |
| Жарналарға теңестірілген тұрақсыздық айыбын төлеуге төлемдер | 14 | - | 14 |
| Резервтерден төленетін төлемдер | (74,640) | - | (74,640) |
| Инвестициялық кірістер есебінен резервтерді қалыптастыру, нетто | 1,140,567 | - | 1,140,567 |
| 2022 жылғы 31 желтоқсанға | **13,602,256** | **-** | **13,602,256** |

**Резервтер қаражатын және меншікті капитал қаражатын бөлек есепке алу**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі № 166-VI Заңына енгізілген Қор туралы Заңға түзетулерге сәйкес Қор резервтер қаражатының және меншікті капитал қаражатының бөлек есебін, оның ішінде табыстардың бөлек есебін жүргізуге және Қордың резервтерінің қаражатын және оның меншікті капиталының қаражатын инвестициялаудан түскен кірістерді (шығындарды) және Қордың резервтерінің қаражатын инвестициялаудан алынған кірісті оларды толықтыруға (Қордың осы кірістен болатын ықтимал комиссиясын шегергенде) жұмсауға міндетті. Аталған түзетулер енгізілгенге дейін Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан алынған табыс жыл сайын 2007-2018 жылдар ішінде Қордың резервтік капиталын толықтыруға толық бағытталды. 2019 жылғы 05 қарашада Қор акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы әдістемені бекітті, оған сәйкес Қор Қордың резервтерін қалыптастыруға бағытталуға жататын 2018 жылдың екінші жартыжылдығы үшін және 2019 жыл үшін Қордың инвестициялық кірісінің сомасын есептеуді жүргізді. Әдістеме 2020 жылғы қарашада ҚҰБ болып табылатын уәкілетті органмен келісілді. Есеп айырысу нәтижелері сондай-ақ 2020 жылғы мамырда Қордың бірыңғай инвестициялық портфелін жеке басқарылатын төрт дербес инвестициялық портфельге («үш резерв плюс меншікті капитал») бөлу үшін пайдаланылды.

Қордың резервтерін қалыптастырудың осы тәсілі оның есепке алу саясатында көзделген, оған сәйкес жыл ішінде оның резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістер (залалдар) Қордың бөлінбеген кірісінің (жабылмаған залалдың) құрамында ескеріледі, содан кейін оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қордың резервтерін ұлғайтуға немесе азайтуға бағытталады.

2020 жылғы мамырда орындалған Қордың бірыңғай инвестициялық портфелін дербес төрт инвестициялық портфельге бөлу Қорға Қор резервтерінің қаражатын және оның меншікті капиталының қаражатын инвестициялаудан түскен кірістерді (залалдарды) бөлек есепке алуға көшуге мүмкіндік берді. Қордың резервтері қаражатының және оның меншікті капиталы қаражатының бөлек есебін жүргізудің шарттары мен тәртібін айқындау мақсатында Қордың Директорлар кеңесі 2020 жылғы 10 сәуірде СТКЖ қатысушыларының үлестері бөлінісінде Қордың әрбір резервінің есебін жүргізу үшін шартты бірлік әдісін пайдалануға негізделген «Резервтер қаражатының және меншікті капитал қаражатының бөлек есебін жүргізу қағидалары» ішкі құжатын бекітті. Осы де-юре құжаты қолданысқа енгізілмеді, бірақ Қор 2021 жылғы желтоқсанға дейін тестілік пайдалану режимінде де-іс жүзінде пайдаланды, оның барысында Қор осы құжаттың нормалары практикада қаншалықты ыңғайлы екендігі және қарапайым және нақты есепке алу қажеттіліктеріне жауап беретіндігі туралы ақпаратты жинақтады. Нәтижесінде 2021 жылғы 27 желтоқсанда Қордың Консультативтік комитетінің келісімін алғаннан кейін СТКЖ қатысушыларының үлестері бөлінісінде Қордың резервтерін есепке алуды жүргізудің барабар әдісін қолдана отырып, Қордың Директорлар кеңесі «Резервтерді егжей-тегжейлі есепке алуды жүргізу қағидалары» жаңа ішкі құжатын бекітті, ол Қордың резервтерін олардың түрлері, СТКЖ қатысушыларының үлестері, кепілдік берілетін сақтандыру түрлері мен сыныптары бөлінісінде егжей-тегжейлі есепке алуды 2020 жылғы 01 қаңтардан басталатын кезеңнен бастап жүргізу шарттары мен тәртібіне қолданылады. Жаңа ішкі құжаттың кері күші осы қаржылық есептілікте ұсынылған кепілдік берілетін сақтандыру түрлері мен сыныптары бөлінісінде Қор резервтерінің мөлшері және олардың құрылымдары туралы 2020 жылғы деректерге әсер етпеді.

Қордың есеп саясатының жоғарыда атап өтілген ерекшелігін назарға ала отырып, оған сәйкес жыл ішінде кірістер Қордың резервтері қаражатын инвестициялаудан түскен шығындар (залалдар) оның бөлінбеген кірісінің құрамында ескеріледі (жабылмаған залал), содан кейін оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қордың резервтерін ұлғайтуға немесе азайтуға бағытталады, 2022 жылдың аяғында Қордың бөлінбеген кірісі, төмендегі кестеде көрсетілгендей, Қордың есепті жылғы резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түсетін кірістерді қамтиды.

| | **2022 ж.** | **2021 ж.** |
|---|---|---|
| Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түсетін кірістер | - | |
| СТКР ЖСК | 739,990 | 787,197 |
| СТКР ӨСК | 98,907 | 123,015 |
| ЗӨР | 304,459 | 244,726 |
| **Жиыны** | **1,143,356** | **1,154,938** |
| Қордың меншікті активтерін инвестициялаудан түсетін кірістер | (25,094) | 311,293 |
| **Жиыны** | **1,118,262** | **1,466,231** |
| Өзге де кірістер | 2,437 | 2,991 |
| Операциялық шығыстар | (275,809) | (259,706) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 344 | (3,768) |
| **Жыл ішіндегі таза кіріс** | **845,234** | **1,205,748** |
| Есепті кезеңге дейінгі кезеңдегі жабылмаған залал | (534,659) | (599,840) |
| оның ішінде: | | |
| есепті жылға дейінгі кезеңдегі жабылмаған залал | (549,031) | (623,736) |
| Қордың есепті кезеңдегі инвестициялық кірістерден түскен комиссиясы | 14,372 | 23,897 |
| **Жыл соңындағы бөлінбеген кіріс** | **310,575** | **605,908** |

### Резервтер қаражатын инвестициялаудан түскен кірістер (залалдар)

Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістерді (залалдарды) осы резервтер арасында дұрыс бөлу үшін Қор инвестициялық кірістер (залалдар) ретінде мыналарды ескереді:

- пайыздық кірістер;
- бағамдық айырмадан түскен кірістер (залалдар);
- қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастыруға арналған шығыстар, қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бұрын қалыптастырылған бағалау резервтерін (провизияларды) қалпына келтіруден түсетін кірістер.

Ұқсас тәсіл Қордың меншікті активтерін (Қордың меншікті капиталы қаражатын) инвестициялаудан түсетін кірістерді (залалдарды) есепке алу үшін қолданылады.

Төменде 2022 және 2021 (салыстыру үшін) жылдардағы Қор резервтерінің қаражатын және оның меншікті активтерін инвестициялаудан түсетін кірістердің (залалдардың) құрылымы берілген.

| **2022**<br>мың теңге | Пайыздық кірістер | Бағамдық айырма | Күтілетін кредиттік залалдар, нетто | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| СТКР ЖСК | 851,702 | 102,885 | (214,596) | 739,991 |
| СТКР ӨСК | 137,124 | 13,852 | (52,069) | 98,907 |
| ЗӨР | 303,740 | 789 | (71) | 304,458 |
| **Жиыны** | **1,292,566** | **117,526** | **(266,736)** | **1,143,356** |
| Меншікті активтер | 402,391 | 90,026 | (517,512) | (25 094) |
| Жиыны | **1,694,957** | **207,552** | **(784,248)** | **1,118,262** |

| **2021**<br>мың теңге | Пайыздық кірістер | Бағамдық айырма | Күтілетін кредиттік залалдар, нетто | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| СТКР ЖСК | 740,615 | 36,943 | 9,639 | 787,197 |
| СТКР ӨСК | 117,946 | 5,316 | (247) | 123,015 |
| ЗӨР | 243,661 | - | 1,064 | 244,725 |
| **Жиыны** | **1,102,222** | **42,259** | **10,456** | **1,154,937** |
| Меншікті активтер | 279,727 | 32,826 | (1,260) | 311,293 |
| Жиыны | **1,381,949** | **75,085** | **9,197** | **1,466,231** |

**Резервтердің есептік мөлшері**

Жоғарыда келтірілген Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістерді (залалдарды) есепке алу тәртібінің ерекшеліктерінен (оның бөлінбеген кірісінің (жабылмаған залалының) құрамында) Қор резервтерінің есептік және есептік мөлшерлерін ажырату қажет екендігін білдіреді. «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері» бабы бойынша Қордың қаржылық есептілігінде келтірілген Қор резервтерінің мөлшері есепке алынатын болып табылады. Қор резервтерінің есептік мөлшерлері Қордың бөлінбеген кірісінің (жабылмаған залалының) құрамында көрсетілетін Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістердің (залалдардың) шамасына есепке алынатын кірістерден осы кірістерді (залалдарды) Қор резервтерін ұлғайтуға немесе азайтуға жіберу туралы Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі қабылданғанға дейін ерекшеленеді.

Төменде Қор акционерлерінің жалпы жиналысы осындай шешім қабылдаған жағдайда (мөлшері Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілуге жататын Қордың 2022 жылғы комиссиясын есепке алмағанда) 2022 жылғы 31 желтоқсандағы Қор резервтерінің есептік мөлшерлері келтірілген.

| мың теңге | Есепке алу өлшемі | Инвестициялық кіріс | Есептік өлшем |
|---|---|---|---|
| СТКР ЖСК | 9,339,139 | 739,990 | 10,079,129 |
| СТКР ӨСК | 1,628,041 | 98,907 | 1,726,948 |
| ЗӨР | 2,635,077 | 304,459 | 2,939,536 |
| **Жиыны** | **13,602,256** | **1,143,356** | **14,745,613** |
| Анықтама үшін | | | |
| Бөлінбеген кіріс (жабылмаған залал) | 310,575 | (1,143,356) | (832,781) |
| оның ішінде: | | | |
| меншікті активтер есебінен, нетто | (534,659) | (298,122) | (832,781) |

Есепті күннен кейін Қор акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімдерін орындау нәтижелері бойынша Қордың бөлінбеген кірісі азайтылатын болады, ал сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері мен зиянды өтеу резерві 1,143,356 мың теңгеге, яғни 2022 жылғы Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістер мөлшеріне ұлғайтылатын болады (2022 жылғы Қорға тиесілі комиссияны есепке алмағанда).

Төменде мәлімет үшін Қор өзінің акционерлерінің жалпы жиналысының карауына енгізугениетті 2022 жылғы оның комиссиялық сыйақысының Қор орындаған есептері келтірілген. Осы кестеде Қор акционерлерінің жалпы жиналысының Қордың резервтерін инвестициялаудан түскен кірістерді Қордың резервтерін ұлғайтуға жіберу туралы және 2022 жылғы Қор комиссиясының мөлшерін бекіту туралы шешімдері қабылданған жағдайда 2022 жылғы 31 желтоқсанға Қор резервтерінің есептік мөлшерлері келтірілген.

| мың теңге | 2022 жылғы инвестициялық кіріс | Кірістілік жылдық % | Қордың комиссиясы | А есептік өлшемі | В есептік мөлшері |
|---|---|---|---|---|---|
| СТКР ЖСК | 739,990 | 8.90% | 55,499 | 10,079,129 | 10,023,629 |
| СТКР ӨСК | 98,907 | 7.20% | 7,418 | 1,726,948 | 1,719,530 |
| ЗӨР | 304,459 | 12.35% | 22,834 | 2,939,536 | 2,916,702 |
| **Жиыны** | **1,143,356** | **9.41%** | **85,751** | **14,745,613** | **14,659,861** |

** Есептік мөлшер - Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістерді Қор резервтерін ұлғайтуға жіберу туралы қабылданған жағдайда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы Қор резервінің есептік мөлшері. А есептік мөлшері - Қордың 2022 жылғы комиссиясын есепке алмағанда. В есептік мөлшері - 2022 жылы Қор комиссиясы ұстап қалғаннан кейін.*

Қордың оның комиссиясын алуы Қор туралы Заңмен реттеледі, оның 18-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қор «жыл сайынғы аудит нәтижелері бойынша шекті шамасы Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан алынған инвестициялық табыстың жеті жарым пайызынан аспайтын комиссиялық сыйақы алуға құқылы». Бұл ретте Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 199 қаулысымен бекітілген Комиссиялық сыйақы алу қағидаларының 3-тармағы Қор комиссиясы нақты кірістілік пен инфляция деңгейі арасындағы айырмадан есептелуі тиіс деп белгілейді.

## 11. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жоғарыда кестеде көрсетілгендей, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы сақтандыру ұйымдары Қордың акционерлері болып табылды. Қордың бір акционеріне тиесілі болуы мүмкін акцияларының саны Қордың орналастырылған акцияларының жалпы санының 10 пайызынан аспауға тиіс.

Қордың бір акциясының номиналдық құны оны құру кезінде 2003 жылы 10,000.00 теңге болды. Қор акцияларының жалғыз сатып алушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болды. 2008 жылғы күзде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың өзіне тиесілі барлық акцияларын сақтандыру ұйымдарына 10,693.63 теңге бағамен сатты.

Қор туралы Заңға сәйкес сақтандыру ұйымы кепілдік берілетін сақтандыру түрлері бойынша қызметін тоқтатқан жағдайда ол Қордың өзіне тиесілі акцияларын Қордың басқа акционерлеріне сату жолымен иеліктен шығаруды жүзеге асыруға міндетті. Қор акционерлері осы акцияларды сатып алудан бас тартқан кезде Қор оларды сатып алу кезінде акциялардың құнын айқындау әдістемесіне сәйкес айқындалатын баға бойынша сатып алуға міндетті. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" АҚ акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесі" Қордың қолданыстағы ішкі құжатын Қор акционерлерінің жалпы жиналысы 2008 жылғы желтоқсанда бекіткен. Осы құжатқа сәйкес 2011 жылғы қыркүйекте оған енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Қор акцияларын сатып алу олардың баланстық құны бойынша, бірақ номиналдық құнынан жоғары емес (10,000 теңге) жүзеге асырылады. 2010-2019 жылдары Қор өз акционерлерінен жалпы сомасы 190,300 мың теңгеге 15,341 акцияны сатып алды, оның ішінде 2020 жылы Қор орналастыру бағасы 23,259 теңге бойынша жалпы сомасы 168,232 мың теңгеге 7,233 акцияны өткізді. 2021 жылы Қор өз акционерінен (таратылатын "Kompetenz" сақтандыру компаниясы" АҚ) жалпы сомасы 11,520 мың теңгеге 1,152 акция сатып алды, оның ішінде 25,879 теңге орналастыру бағасы бойынша жалпы сомасы 29,709 мың теңгеге 1,148 акция сатылды.

### Дивидендтер

Қор туралы Заңға сәйкес Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады. Тиісінше, оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу көзделмеген және жүзеге асырылмайды.

| | 31.12.2022 | | 31.12.2021 | |
|---|---|---|---|---|
| | **Саны** | **Үлесі** | **Саны** | **Үлесі** |
| «Халық» сақтандыру компаниясы «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» АҚ | 4,969 | 10% | 4,969 | 10% |
| «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ | 3,971 | 8% | 3,971 | 8% |
| «Basel» сақтандыру компаниясы АҚ (бұрынғы «Kaspi Сақтандыру» АҚ) | 3,399 | 7% | 3,399 | 7% |
| «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ | 3,313 | 7% | 3,313 | 7% |
| «Виктория» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,662 | 3% | 1,662 | 3% |
| «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,652 | 3% | 1,652 | 3% |
| «Amanat» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,652 | 3% | 1,652 | 3% |
| «ASKO» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,652 | 3% | 1,652 | 3% |
| «Лондон-Алматы» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,652 | 3% | 1,652 | 3% |
| «Номад Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,651 | 3% | 1,651 | 3% |
| «Коммеск-Өмір» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,152 | 2% | 1,152 | 2% |
| «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,152 | 2% | 1,152 | 2% |
| «Халық-Life» Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру жөніндегі еншілес компаниясы» АҚ | 1,010 | 2% | 1,010 | 2% |
| «ИНТЕРТИЧ» Қазақстан денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру корпорациясы» АҚ | 1,001 | 2% | 1,001 | 2% |
| «Еуразия» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «КМ Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Freedom Finance Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Nomad Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Сентрас Коммеск Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Jusan Garant» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭнДар)» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Қазақмыс» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «ТрансОйл» сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| «Еуразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ | 1,000 | 2% | 1,000 | 2% |
| **Айналыстағы жиыны** | **41,888** | **84%** | **41,888** | **84%** |
| Сатып алынған акциялар | 8,112 | 16% | 8,112 | 16% |
| | **50,000** | **100%** | **50,000** | **100%** |

## 12. РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛ

2011 жылы Қор акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен жаңа редакцияда бекітілген және 2019 жылғы 17 шілдеге дейін қолданыста болған Қор жарғысына сәйкес Қордың резервтік капиталы Қордың таза кірісі есебінен қалыптастырылды және Қордың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижесінде туындайтын шығындарды жабу үшін пайдаланылды. Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен есепті жылдың қорытындылары бойынша таза табыс резервтік капиталды қалыптастыруға жатқызылуы мүмкін.

2019 жылғы 17 шілдедегі Қор акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен жаңа редакцияда бекітілген Қор жарғысында Қордың резервтік капиталы айтылмайды.

2020 жылғы шілдеде Қор акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы сондай-ақ Қорда резервтік капитал бар деген фактіні тіркеу мақсатында Қор жарғысына «Қоғамның резервтік капиталы» деген жаңа бапты енгізу туралы шешім қабылдады. Осы бапқа сәйкес Қордың резервтік капиталы Қор туралы Заңға сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері жеткіліксіз болған кезде Қордың меншікті капиталы есебінен кепілдікті және оларға ұқсас төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылады; Қордың резервтік капиталы оның меншікті капиталының құрамына кіреді, ал Қордың резервтік капиталы қаражатын инвестициялаудан түсетін кірістер Қордың операциялық және күрделі шығыстарын қаржыландыру үшін пайдаланылады; Қордың резервтік капиталын қалыптастыру және пайдалану тәртібі, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері жеткіліксіз болған кезде Қордың меншікті капиталы есебінен кепілдікті және оларға ұқсас төлемдерді жүзеге асыру тәртібі, осындай төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылған Қордың меншікті капиталын өтеу тәртібі Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітілетін Қордың ішкі құжаттарында айқындалады.

2022 жылғы 31 желтоқсанда резервтік капитал 5,055,388 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 5,055,388 мың теңге). Жоғарыда көрсетілгендей, резервтік капитал туралы жаңадан бекітілген ережеге сәйкес Қордың резервтік капиталын қалыптастыру 2018 жылғы 01 шілдеден кейін тоқтатылды.

## 13. ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖӘНЕ ОСЫНДАЙ АКТИВТЕР БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН ҚАЙТА БАҒАЛАУ БОЙЫНША РЕЗЕРВ

**Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв**

| мың теңге | Корпоративтік облигациялар |
|---|---|
| 2021 жылғы 1 қаңтарға | (24,969) |
| Әділ құнның таза өзгеруі | 36,937 |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | **11,968** |
| Әділ құнның таза өзгеруі | (106,218) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **(94,250)** |

**Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша залалдарға арналған резерв**

| мың теңге | Корпоративтік облигациялар |
|---|---|
| 2021 жылғы 1 қаңтарға | 1,064 |
| Қаржы активтерінің құнсызданауын қалпына келтіру | 1,131 |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | **2,195** |
| Қаржы активтерінің құнсызданауын қалпына келтіру | 783,934 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | **786,130** |

**Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгеруі**

| мың теңге | **2022 ж.** | **2021 ж.** |
|---|---|---|
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резервтің өзгеруі | (106,219) | 36,937 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша шығындарға резервтің өзгеруі | 783,934 | 1,131 |
| | **677,716** | **38,068** |

## 14. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

| мың теңге | **2022 ж.** | **2021 ж.** |
|---|---|---|
| Банк депозиттері бойынша сыйақы | 18,732 | 16,151 |
| Кері репо операциялары бойынша кірістер | 36,181 | 29,350 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер | 1,391,362 | 1,129,308 |
| Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша барлық пайыздық кірістер | 1,446,275 | 1,174,809 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер | 248,682 | 207,140 |
| | **1,694,957** | **1,381,949** |

## 15. БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 15,738 | (4,456) |
| Банк депозиттері | 88,664 | 42,105 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 89,608 | 32,123 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 13,550 | 5,305 |
| Өзге активтер | (8) | 8 |
| | **207,552** | **75,085** |

## 16. КҮТІЛЕТІН КРЕДИТТІК ЗАЛАЛДАР

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| **Ақша мен оның баламаларының құнсыздануынан** | **(1)** | **405** |
| оның ішінде: | | |
| құнсызданудан болған залал* | (78) | (1,398) |
| құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру** | 77 | 1,803 |
| **Банк депозиттерінің құнсыздануынан** | **(314)** | **9,932** |
| оның ішінде: | | |
| құнсызданудан болған залал* | (5,330) | (6,384) |
| құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру** | 5,016 | 16,316 |
| **Өзге қаржы активтерінің құнсыздануынан** | **(783,933)** | **(1,132)** |
| оның ішінде: | | |
| құнсызданудан болған залал* | (862,313) | (3,736) |
| құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру** | 78,380 | 2,604 |
| **Өзге активтердің құнсыздануынан** | **-** | **(8)** |
| оның ішінде: | | |
| құнсызданудан болған залал * | - | (31) |
| құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру** | - | 23 |
| | **(784,248)** | **9,197** |

**Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастыруға арналған шығыстар.*
***Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервтерін (провизияларды) қалпына келтіруден түсетін кірістер.*

## 17. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| Қордың жұмыскерлеріне жалақы және басқа да төлемдер | 166,114 | 164,292 |
| Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары | 31,219 | 23,889 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 22,989 | 21,680 |
| Кәсіби қызметтер* | 18,627 | 15,906 |
| Тозу және амортизация | 12,134 | 11,994 |
| Банктік және брокерлік қызмет көрсету | 6,571 | 6,024 |
| Әкімшілік шығыстар | 3,318 | 4,434 |
| Көлік шығыстары | 3,903 | 3,563 |
| Коммуналдық қызметтер | 2,134 | 1,796 |
| Сақтандыру | 2,854 | 2,066 |
| Телекоммуникациялық қызметтер | 2,402 | 1,817 |
| Басқалар | 3,543 | 2,245 |
| | **275,809** | **259,706** |

## 18. ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

### Табыс салығы бойынша шығыстар

Қордың корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарының негізгі құрамдас бөліктері төменде берілген.

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| Корпоративтік табыс салығы (ағымдағы кезең) | 348 | - |
| Өткен жылдардағы есептеулерді түзету | - | (425) |
| Уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және қалпына келтірілуі | (692) | 4,193 |
| | **(344)** | **3,768** |

Пайдаға салынатын салық бойынша тиімді мөлшерлемені 2022 жылғы залалмен және 2021 жылғы пайдамен салыстыру және қаржылық есептілік мақсаттары үшін салық бойынша осы шығыс сомасын салыстыру былайша берілген:

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| **Салық салуға дейінгі кіріс** | **844,890** | **1,209,516** |
| Қолданылатын табыс салығының мөлшерлемесі,% | 20.0% | 20.0% |
| **Қолданылатын мөлшерлеме бойынша есептелген табыс салығы** | **168,978** | **241,903** |
| Салық салынбайтын пайыздық кіріс | (328,009) | (267,290) |
| Ауыстырылмайтын залал | - | 29,146 |
| Қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша резерв | 156,850 | (1,242) |
| Салық салу мақсатында қабылданбайтын басқа да кірістер (шығыстар) | 1,837 | 1,251 |
| **Табыс салығы бойынша шығыстар** | **(344)** | **3,768** |
| Табыс салығының тиімді мөлшерлемесі,% | 0.0% | 0.3% |

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активтерін тудыратын негізгі уақытша айырмаларға салықтық әсер төменде берілген:

| мың теңге | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Демалыс бойынша резерв | 1,027 | 1,137 |
| Аудит бойынша шығыстарға арналған резерв | 2,240 | 1,568 |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | **3,267** | **2,705** |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | (20,089) | (20,219) |
| **Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері** | **(20,089)** | **(20,219)** |
| Жиыны | **(16,822)** | **(17,514)** |

Төменде 2021 және 2022 жылдар ішінде Қордың қаржылық есептілігінде кейінге қалдырылған салық міндеттемесінің қозғалысы келтіріледі.

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға | (17,514) | (13,321) |
| Шығыстарға жатқызылған | 692 | (4,193) |
| 31 желтоқсанға | **(16,822)** | **(17,514)** |

## 19. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

### Қордың активтерін инвестициялау

Қордың инвестициялық саясаты 2019 жылғы қазанда Директорлар кеңесі бекіткен «Инвестициялық стратегия» Қордың ішкі құжатымен айқындалған және Қор активтерін Қазақстан

Республикасының жоғары өтімді мемлекеттік бағалы қағаздарына және ҚҰБ мен екінші деңгейдегі банктерге қысқа және орта мерзімді салымдарға инвестициялау есебінен қамтамасыз етілетін кредиттік тәуекелді барынша төмендетуге бағытталған кредиттік рейтингтермен анықталады. Қордың активтерін инвестициялаудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен регламенттелген:

- ҚҰБ Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 199 қаулысымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және зиянды өтеу резерві есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі (бұдан әрі - № 199 тізбе).

№ 148 Нұсқаулыққа сәйкес Қор өз активтерін олардың жиынтық мөлшерінің кемінде 80%-ы мөлшерінде мынадай қаржы құралдарына орналастырады.

| Қаржы құралының атауы | Рейтинг | Шектеу |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар | талап етілмейді | шектеусіз |
| Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар | ВВ- тен төмен емес немесе kzBB төмен емес | банк бойынша Қор активтерінің 10%-нан артық емес |
| Шетелдік банктердің резидент еншілес банктеріндегі салымдар | А-дан төмен емес | Қор активтерінен банк бойынша 10% -дан артық емес |
| Қаржы министрлігі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | талап етілмейді | шектеусіз |

№ 148 Нұсқаулыққа сәйкес Қор сондай-ақ өз активтерін мынадай қаржы құралдарына орналастыруға құқылы.

| Қаржы құралының атауы | Рейтинг | Шектеу |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының облигациялары | ВВ төмен емес | Қор активтерінен эмитент бойынша 25%-дан аспайтын, бір эмиссиядан 25% -дан аспайтын<br>Қор активтерінен 10%-нан артық емес |
| Шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар | А- тен төмен емес | Қор активтерінен 10% артық емес |
| Кері репо операциялары | | Қор активтерінен 10% артық емес |

Кредиттік рейтингтер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша айқындалады. Қор Moody's Investors Service және Fitch Ratings агенттіктері берген рейтингтік бағаларды, сондай-ақ Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша рейтингтік бағаларды да мойындайды.

**Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялау**

Қор Қордың әрбір жеке резервіне және оның меншікті капиталына сәйкес келетін жекелеген инвестициялық портфельдерді қалыптастыру бойынша Қор резервтерінің қаражатын және оның меншікті капиталының қаражатын бөлек есепке көшіру жөніндегі жұмыстар 2020 жылғы мамырда аяқталғаннан кейін № 199 Тізбенің шарттары мен талаптарын сақтауға практикалық мүмкіндік алды.

№ 199 Тізбеге сәйкес Қор өз резервтерінің қаражатын олардың жиынтық мөлшерінің кемінде 80% мөлшерінде мынадай қаржы құралдарына орналастырады.

| Қаржы құралының атауы | Рейтинг | Шектеу |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар | талап етілмейді | шектеусіз |
| Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар | ВВ- тен төмен емес немесе kzBB төмен емес | банк бойынша резерв мөлшерінен 20% артық емес |
| Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып, шетелдік банктердің резидент еншілес банктеріндегі салымдар | А-дан төмен емес | банк бойынша резерв мөлшерінен 20% артық емес |
| Қаржы министрлігі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар | берілген жоқ | шектеусіз, |
| Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар | берілген жоқ | бір эмиссиядан 25% артық емес |

№ 199 Тізбеге сәйкес Қор сондай-ақ өз резервтерінің қаражатын мынадай қаржы құралдарына орналастыруға құқылы.

| Қаржы құралының атауы | Рейтинг | Шектеу |
|---|---|---|
| Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып, Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының борыштық бағалы қағаздары | ВВ- тен төмен емес | резервтің мөлшерінен эмитент бойынша 20%-дан аспайтын<br>бір эмиссиядан 25% артық емес |
| Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар | ВВВ- тен төмен емес | резерв мөлшерінен эмитент бойынша 10% артық емес |
| Кері репо операциялары | берілмейді | резерв мөлшерінен 10% артық емес |

Кредиттік рейтингтер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша айқындалады. Қор Moody's Investors Service және Fitch Ratings агенттіктері берген рейтингтік бағаларды, сондай-ақ Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша рейтингтік бағаларды да мойындайды.
№ 199 тізбе резервтер қаражаты есебінен сатып алынатын қаржы құралдарын валюталық әртараптандыруды талап етеді.

- шетел валютасындағы қаржы құралдары - резервтердің жиынтық мөлшерінің 20%-нан аспайды;
- ұлттық валютадағы қаржы құралдарына - резервтердің жиынтық мөлшерінің кемінде 80%-ы.

Қаржы құралдарын пайдалану Қорды тәуекелдің мынадай түрлеріне ұшыратады:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- валюталық тәуекел;
- нарықтық тәуекел.

Қордың басшылығы тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру және осы жүйенің жұмыс істеуін қадағалау үшін толық жауапкершілікте болады.

Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Қор ұшырайтын тәуекелдерді анықтау және талдау, тәуекелдің жол берілетін шекті мәндерін және бақылаудың тиісті тетіктерін белгілеу мақсатында, сондай-ақ тәуекелдер мониторингі және белгіленген шектеулерді сақтау үшін әзірленді. Тәуекелдерді басқару саясаты мен жүйелері Қордың нарықтық жағдайлары мен қызметінің өзгеруіне байланысты өзгерістер енгізу қажеттілігі тұрғысынан үнемі талданады. Қор бақылаудың реттелген және пәрменді жүйесін құру мақсатында оқыту мен басқарудың стандарттары мен рәсімдерін белгілейді, онда барлық жұмыскерлер өздерінің рөлі мен міндеттерін түсінеді.

Қордың басшылығы Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттары мен рәсімдерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асырады және Қор ұшырайтын тәуекелдерге қатысты тәуекелдерді басқару жүйесінің барабарлығын талдайды.

**Қаржы құралдарының санаттары**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдары мынадай түрде берілген:

| мың теңге | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ** | | |
| Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері | 17,819,514 | 15,785,463 |
| оның ішінде: | | |
| ақша және оның баламалары | 66,890 | 143,758 |
| оның ішінде: | | |
| кері репо операциялары бойынша талаптар | 64,096 | 140,645 |
| ағымдағы банк шоттарындағы ақша* | 111 | 158 |
| жеке брокерлік шоттардағы ақша* | 2,683 | 2,955 |
| банк депозиттері* | 1,596,494 | 1,465,868 |
| амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | 16,156,130 | 14,175,837 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 2,087,395 | 2,281,310 |
| | **19,906,909** | **18,066,773** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | |
| Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері | 13,602,256 | 12,153,237 |
| Саудалық және өзге де кредиторлық берешек** | 6,913 | 6,893 |
| | **13,609,170** | **12,160,130** |
| | **6,297,739** | **5,906,643** |

** Тиісті қаржы активінің құнсыздануы бойынша резервті шегергенде.*
*** Алынған авансы авансты және өзге де кредиторлық берешекті есепке алмағанда.*

**Кредиттік тәуекелді басқару**

Қор кредиттік тәуекелді Қорға қатысты қарыз алушы (борышкер) немесе шарт бойынша контрагент болып табылатын тұлғаның Қор алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы, толық және/немесе уақтылы орындамауы салдарынан қаржылық ысыраптардың туындау тәуекелі ретінде айқындайды. Бұл тәуекел, негізінен, Қорда бар ақшаға және олардың баламаларына, банк депозиттеріне, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне және дебиторлық берешекке байланысты.

Қордың кредиттік тәуекелге ұшырауы негізінен әрбір контрагенттің жеке сипаттамаларына байланысты. Қордың қаржы активтерінің баланстық құны оның төменде берілген кредиттік тәуекелге барынша ұшырауын білдіреді.

| мың теңге | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 2021 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Ақша және олардың баламалары* | 66,890 | 143,758 |
| Банк депозиттері* | 1,596,494 | 1,465,868 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | 16,156,130 | 14,175,837 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 2,087,395 | 2,281,310 |
| | **19,906,909** | **18,066,773** |

** Тиісті қаржы активінің құнсыздануы бойынша резервті шегергенде.*

Төменде кредиттік рейтингтер бойынша Қордың қаржы активтерінің жіктелуі берілген.

| мың теңге | ≥ BB- | ≥ B+, < BB- | Жиыны |
|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | | | |
| Ақша және олардың баламалары* | 28,645 | 38,245 | 66,890 |
| Банк депозиттері* | 1,596,494 | - | 1,596,494 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | 16,156,130 | - | 16,156,130 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 2,087,395 | - | 2,087,395 |
| | **19,868,664** | **38,245** | **19,906,909** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | | | |
| Ақша және олардың баламалары* | 143,758 | - | 143,758 |
| Банк депозиттері * | 1,465,868 | - | 1,465,868 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | 14,175,837 | - | 14,175,837 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 2,281,310 | - | 2,281,310 |
| | **18,066,773** | **-** | **18,066,773** |

** Тиісті қаржы активінің құнсыздануы бойынша резервті шегергенде.*

Қор тоқсан сайын ағымдағы кезеңнің шығыстары есебінен өзінің қаржы активтері мен дебиторлық берешегі бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастырады.

Күтілетін кредиттік залалдарды тану және осындай тануға байланысты өзге де іс-әрекеттерді орындау тәртібі Қордың есеп саясатының міндетті және ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын «Күтілетін кредиттік залалдарды тану қағидалары» Қордың ішкі құжатымен айқындалады.

Төменде олар бойынша берешектің пайда болу мерзімдері бөлінісінде Қордың қаржылық активтері берілген.

| мың теңге | **Барлығы** | **≤90 ККЗ *,%** | **Құнсыздану** |
|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | | | |
| Ақша және олардың баламалары* | 66,890 | - | - |
| Банк депозиттері* | 1,600,455 | 0.25% | 3,961 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | 16,156,130 | - | - |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 2,087,395 | - | - |
| | **19,910,870** | **0.02%** | **3,961** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | | | |
| Ақша және олардың баламалары * | 143,758 | 0.00% | - |
| Банк депозиттері * | 1,469,505 | 0.25% | 3,637 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | 14,175,837 | 0.00% | - |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 2,281,310 | 0.10% | 2,195 |
| | **18,070,410** | **0.03%** | **5,832** |

** Күтілетін кредиттік залалдар.*

Жоғарыдағы кестелерде дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекел туралы ақпарат берілмеген, өйткені Қор бұл тәуекелді дебиторлық берешектің аз мөлшеріне байланысты маңызды емес деп есептейді.

**Өтімділік тәуекелін басқару**

Қор өтімділік тәуекелін осы міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақшаның жеткіліксіздігі салдарынан Қордың өзге тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау, толық және/немесе уақтылы орындамау тәуекелі ретінде айқындайды. Өтімділік тәуекелі Қордың ағымдағы банк шоттарында ақшаның болмауы немесе жетіспеуі нәтижесінде, сол сияқты Қордың өзіне тиесілі активтерді олардың әділ құны бойынша тез өткізе алмауы не контрагенттің Қор алдындағы өзінің шарттық міндеттемелерін өтей алмауы нәтижесінде, сондай-ақ Қордың міндеттемелері бойынша төлемдер мерзімдерінің басталуы немесе Қордың күтілгендей ақша ағындарын туындатуға қабілетсіздігі күтілгеннен неғұрлым ерте болуының нәтижесінде туындауы мүмкін.

Қор өтімділік тәуекелін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары және өзінің инвестициялық стратегиясының ережелері негізінде басқарады. Қорда Инвестициялық комитет құрылды, ол Қордың активтерін - меншікті (Қордың меншікті капиталының қаражатын), сондай-ақ оның резервтерінің қаражатын инвестициялау бойынша шешімдерді алқалы түрде қабылдайды. Қордың Инвестициялық комитеті өз шешімдерін қабылдаған кезде кредиттік және нарықтық тәуекелдерді қоса алғанда, барлық тәуекелдерді ескеруге, өтімділік, кірістілік, қайтарымдылық позициясынан Қордың инвестициялық портфелінің құрылымын оңтайлы қалыптастыруға міндетті. Қордың инвестициялық портфельдерінің құрамына кіретін қаржы құралдары негізінен мемлекеттік бағалы қағаздармен берілетінін ескере отырып, Қор талап етілетін өтімділікті кез келген қажетті мерзімде қамтамасыз етуге қабілетті.

Қор өзінің сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтерін бағалау міндеттемесі ретінде таниды, өйткені осы резервтерден төленетін төлемдердің мөлшері мен мерзімін дұрыс бағалау мүмкін емес.

Қор туралы Заңға сәйкес Қор - сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері жеткіліксіз болған жағдайда - СТКЖ қатысушыларының төтенше жарналарын тартады, ал олар жеткіліксіз болған жағдайда өз капиталын заңнамада көзделген тәртіппен пайдаланады. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және Қордың меншікті капиталы жеткіліксіз болған кезде ол ҚҰБ-дан, Қазақстан Республикасының Үкіметінен және өзге де ұйымдардан қарыз тартуға құқылы.

*Қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдері*

Кестелерде Қордың қаржылық міндеттемелері есепті күн мен Қордың қаржылық міндеттемелерін өтеудің келісімшарттық күндері арасындағы кезеңдердің ұзақтығына негізделген оларды өтеу мерзімдері бөлінісінде келтірілген. Кестеде ұсынылған сауда және өзге де кредиторлық берешек алынған авансты және қаржы құралы болып табылмайтын міндетті жарналар бойынша СТКЖ қатысушыларының артық төлеуін (СТКЖ қатысушыларының міндетті жарналарды алдын ала төлеуін) қамтымайды.

| мың теңге | **≤1** | **>1, ≤3** | **>3, ≤12** | **>1, ≤5** | **>5** | **Мерзімі анықталмаған** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | | |
| Ақша және олардың баламалары* | 66,890 | - | - | - | - | - | 66,890 |
| Банк депозиттері* | 17,509 | - | 1,578,985 | - | - | - | 1,596,494 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | - | 219,172 | 3,597,526 | 12,243,751 | 95,681 | - | 16,156,130 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | - | 782,635 | 351,814 | 952,946 | - | - | 2,087,395 |
| Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері | - | - | - | - | - | 13,602,256 | 13,602,256 |
| Саудалық және өзге де кредиторлық берешек | 1,212 | 151 | 5,550 | - | - | - | 6,913 |
| | **85,611** | **1,001,958** | **5,533,875** | **13,196,697** | **95,681** | **13,602,256** | **33,516,079** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | | |
| Ақша және олардың баламалары* | 143,758 | - | - | - | - | - | 143,758 |
| Банк депозиттері* | 5,289 | 1,460,579 | - | - | - | - | 1,465,868 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | 304,760 | 2,923,272 | 1,048,899 | 8,489,438 | 1,409,468 | - | 14,175,837 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | - | - | - | 2,281,310 | - | | 2,281,310 |
| Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері | - | - | - | - | - | 12,153,237 | 12,153,237 |
| Саудалық және өзге де кредиторлық берешек | 1,446 | - | 6,026 | - | - | - | 7,472 |
| | **455,253** | **4,383,851** | **1,054,925** | **10,770,748** | **1,409,468** | **12,153,237** | **30,227,482** |

### Валюталық тәуекелді басқару

Қор валюталық тәуекелді Қор активтері есебінен сатып алынған немесе сатып алуға болжанған қаржы құралдары номинацияланған валюта бағамының қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық ысыраптардың туындау тәуекелі ретінде айқындайды.

Қор Қордың функционалдық валютасынан (теңгеден) өзгеше валютада көрсетілген операцияларды жүзеге асыру кезінде валюталық тәуекелге ұшырайды.

Қордың валюталық тәуекелге ұшырауы төменде берілген. Теңгемен номинацияланған қаржы құралдары валюталық тәуекелге ұшырамайды және қорытынды сомаларды салыстыру үшін кестеге енгізілген.

| мың теңге | **Теңге** | **АҚШ доллары** | **Жиыны** |
|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 31 желтоқсанға** | | | |
| Ақша және олардың баламалары* | 66,890 | - | 66,890 |
| Банк депозиттері* | 17,552 | 1,578,942 | 1,596,494 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері* | 14,847,190 | 1,308,940 | 16,156,130 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 1,888,208 | 199,187 | 2,087,395 |
| Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері | (13,602,256) | - | (13,602,256) |
| Саудалық және өзге де кредиторлық берешек | (6,913) | - | (6,913) |
| | **3,210,670** | **3,087,069** | **6,297,739** |
| **2021 жылғы 31 желтоқсанға** | | | |
| Ақша және олардың баламалары* | 143,754 | 4 | 143,758 |
| Банк депозиттері* | 5,289 | 1,460,579 | 1,465,868 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 12,920,170 | 1,255,667 | 14,175,837 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 2,073,358 | 207,952 | 2,281,310 |
| Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері | (12,153,237) | - | (12,153,237) |
| Саудалық және өзге де кредиторлық берешек | (6,893) | - | (6,893) |
| | **2,982,441** | **2,924,202** | **5,906,643** |

** Тиісті қаржы активінің құнсыздануы бойынша резервті шегергенде.*

### Нарықтық тәуекелді басқару

Қор нарықтық тәуекелді Қор активтері есебінен сатып алынған немесе сатып алуға болжанатын қаржы құралдарының әділ құнының төмендеуі салдарынан қаржылық ысыраптардың туындау тәуекелі ретінде айқындайды.

Нарықтық тәуекел тәуекелдің үш түрін – бағалық, пайыздық және валюталық тәуекелдерді қамтиды.

*Баға тәуекелі*

Қор баға нарықтық тәуекелін (баға тәуекелін) Қор активтері есебінен сатып алынған немесе сатып алуға болжанған қаржы құралдарының нарықтық бағаларының қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық ысыраптардың туындау тәуекелі ретінде айқындайды.

Қор өзінің инвестициялық қызметтен басқа қызметі бөлігінде баға тәуекеліне ұшырамайды, өйткені ол коммерциялық емес ұйым болып табылады, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізумен айналыспайды.

*Пайыздық тәуекел*

Қор пайыздық нарықтық тәуекелді (пайыздық тәуекел) Қор активтері есебінен сатып алынған немесе сатып алуға болжанған қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық ысыраптардың туындау тәуекелі ретінде айқындайды.

2022 жылдың аяғында Қордың инвестициялық портфельдерінде пайыздық мөлшерлемедері құбылмалы қаржы құралдары жоқ және тиісінше ол пайыздық тәуекелге ұшырамайды.

*Капиталды басқару*

Қордың капиталын басқаруға қатысты негізгі мақсаттары Қордың жарғылық капиталының құрамына және құрылымына, Қордың меншікті капиталын қалыптастыру тәртібіне қойылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ Қордың қызметін үздіксіз негізде қамтамасыз ету болып табылады.

## 20. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Қазақстан Республикасындағы салықтық шартты міндеттемелер**

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсініктемелердің мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір алшақтығы жиі кездеседі. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдардың қолданыстағы режимі қатаңдығымен ерекшеленеді. Айыппұл санкциялары, әдетте, қосымша есептелген салықтар сомасының 50% мөлшеріндегі айыппұлдарды және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелген, 2.5-ке көбейтілген өсімпұлды қамтиды. Нәтижесінде айыппұл санкциялары мен өсімпұлдар сомасы қосымша есептеуге жататын салықтар сомасынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Салықтық тексерулер тікелей тексеру жылының алдындағы қызметтің күнтізбелік бес жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексерулер неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Қор басшылығы барлық салық міндеттемелері қаржылық есептілікте тиісті түрде көрсетілген және ашылған деп есептейді. Дегенмен, салық органдары салық кодексі мен өзге де заңнамалық актілердің ережелерін әртүрлі түсіндіруді қабылдай алады деген қауіп бар.

**Сот талқылауы**

Кәдімгі қызмет барысында Қор сот талқылауларына және талап қоюға ұшырауы мүмкін. Қор басшылығы түпкілікті міндеттеме, егер мұндай сот талқылаулары мен талаптардан туындаса, Қордың болашақ қаржылық жағдайына немесе негізгі қызметіне елеулі теріс әсері болмайды деп есептейді.

## 21. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР

### Басшылықтың сыйақысы

Негізгі басшылар алған сыйақылар операциялық шығыстар құрамында жалақы бойынша шығыстар енгізілген (17-ескертпені қараңыз) және мынадай болды:

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары | 31,219 | 23,889 |
| Басқарма мүшелерінің сыйақылары | 82,546 | 89,386 |
| | **113,765** | **113,275** |

Қор туралы Заңға сәйкес Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады. Тиісінше, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың үлестес тұлғалары жоқ. Осы қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Қор:

- Қор туралы Заңға сәйкес Қор Директорлар кеңесінің төрағасы және өзге де мүшелері, Қор Басқармасының мүшелері (Қор Басқармасының Төрағасын қоса алғанда) болып табылатын Қордың басшы жұмыскерлерін;
- Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмыс берушілері болып табылатын ұйымдарды;
- Қор Басқармасының мүшелері (Қор Басқармасының Төрағасын қоса алғанда), Қордың бас бухгалтері болып табылатын ұйымдардың ірі акционерлері (қатысушылары) және/немесе лауазымды адамдары болып табылатын ұйымдарды өзінің байланысты тараптары ретінде таниды.

### Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

| мың теңге | 2022 ж. | 2021 ж. |
|---|---|---|
| Байланысты тараптардан сатып алу | 4,157 | 5,121 |
| Байланысты тараптарға берешек | - | 99 |

### Байланысты тараптармен жасалатын операциялардың шарттары

Байланысты тараптармен жасалатын операциялардың баға белгілеуі операцияның сипатына байланысты тұрақты негізде айқындалады.

## 22. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2022 жылғы 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандырудың кепілдік берілетін сыныптарының тізбесі кеңейтілді. Осыған байланысты Қордың кепілдігі Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде сақтандырудың барлық міндетті сыныптарына, зейнетақы аннуитеттеріне және өмірді сақтандыруға қолданылады. 2023 жылғы қаңтардан бастап сақтандырудың жаңа сыныптары бойынша міндеттемелер қабылданды және танылды.

Есепті кезеңнен кейінгі басқа елеулі оқиғалар болған жоқ.

## 23. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕКІТУ

Аталған қаржылық есептілік 2023 жылғы 31 наурызда Қор басшылығы бекітіп, қол қойды.